



**ҰЛТТЫҚ
МӘДЕНИЕТТІҢ ӨЗЕГІ**
2-БЕТ



**ЖИ ДӘУІРІНДЕГІ
ҚАЗАҚ ТІЛІ**
5-БЕТ



**КӨШПЕНДІЛЕР
МҰРАСЫ**
9-БЕТ

«ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ»



ЖАҢА ЖАЙЛЫ КЕҢІСТІК

Алматыда QADAM саябағы ашылады

**Шырайлы шаһарда жанға жайлы қоғамдық кеңістіктер қатары
ай сайын көбейіп келеді. Өмір сүруге қолайлы қалалық орта
қалыптастыру бағытындағы жобалар кезең-кезеңімен жүзеге асып,
заманауи қала келбетін қалыптастыра түсті. Әсіресе, мұндай игі іс-
шаралардың «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы арқылы
тұрғындардың өтініш-тілегімен үндестік табуы, тіпті қуантады.**

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды жұмыс сапары барысында Әуезов ауданындағы Саин және Ұлықбек көшелерінің қиылысында салынып жатқан жаңа QADAM скверінің құрылыс барысымен танысты. Құрылысы қарқынды жүріп жатқан қоғамдық кеңістікті қазан айының соңына дейін ашу жоспарланып отыр.

Дәл қазір Әуезов ауданының 8-шағынауданында, нақтырағы Алтынсарин көшесі бойындағы №37 үйдің жанында бос жатқан жер абаттандырылды. Аудан тұрғындарының өтініші бойынша қолға алынған жоба «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы

аясында жүзеге асып, оның жұмысын «Сұлтан құрылыс» ЖШС мердігер ұйымы жүргізіп жатыр.

Жаңа сквер аумағы 0,35 гектар болатын бұрынғы автотұрақтың орнына салынды. Сәтін салса, енді аз уақытта демалыс орны аудан тұрғындарының серуендеуіне, белсенді уақыт өткізуіне арналған жаңа қоғамдық кеңістікке айналады. Скверде түрлі табиғи жабын төселген тактильді аллея, балалар алаңы, жүгіру жолағы, сырғанау мен паркурға арналған аймақ, серуен кеңістіктері және көгалдандыру қарастырылған.

Абаттандыру барысында мұнда

жаңа асфальт және жаяу жүргінші жолы төселді. Сондай-ақ, 27 заманауи шам, шағын сәулеттік нысандар орнатылды. Оның қатарында орындықтар, 16 метрлік орындық және әткеншекті пергола бар. Жасыл желек үшін 180-нен астам ағаш пен бұта отырғызылды, 110 шаршы метрлік альпілік төбе, көгал мен жасыл шарбақ жасалды. Сонымен қатар, өсімдіктерге күтім жасау үшін автоматты суару жүйесі де орнатылды. Оның ең басты нысаны, төңірегіне нұр құйған субұрқағы.

Самаладай жарқыраған нысанды «Болашаққа қадам» деген жазуы бар аркалы композиция толықтыра түскен. Жалпы, QADAM тұжырымдамасы қозғалыс, түрлі фактуралар, дыбыс, су және жарық үйлесіміне негізделіп жасалған. Жүргізіліп жатқан жұмысты жіті бақылаған қала басшысы бекітілген кестені сақтап, құрылыстың барлық кезеңінде орындалатын жұмыстың сапасын қамтамасыз етуді тапсырды.

Рая ЕСКЕНДІР.

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



БАЙЫПТАМА

Мемлекет басшысының бастама-сымен жүзеге асып келе жатқан «Таза Қазақстан» республикалық акция-сы экологиялық науқанының аясынан шығып, қоғамның қоршаған ортаға деген көзқарасын өзгертуге бағыттал-ған ұлттық бастамаға ұласып отыр. Оның өзегінде қарапайым, бірақ маңыз-ды ұстаным бар. «Таза Қазақстанды» құру – әр азаматтың ортақ жауап-кершілігі. Бұл идея Қазақстанның соңғы жылдардағы экологиялық саясатында біртіндеп жүйелі сипат алып, респу-бликалық деңгейден өңірлердегі күнделікті тәжірибеге дейін жетті.

19 қыркүйекте «Таза Қазақстан» акция-сы аясында ел көлемінде ауқымды сенбілік-тер өтті. Мемлекет басшысы экологиялық акциясы аясында жастармен және экobel-сенділермен бірге Президент саябағының аумағында ағаш екті. Қасым-Жомарт Тоқаев «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясына қатысушылар алдында сөз сөйледі. Прези-дент аталған іс-шараға белсене атсалысып келе жатқан азаматтарға шынайы ризашы-лығын білдірді.

– Мен осындай игі іске өз үлесін қосып жүрген жастарды нағыз отаншыл азамат деп санаймын. Себебі, Отанға, туған жерге де-ген сүйіспеншілік өз үйіңнен, өз ауылың мен қалаңнан бастау алады. Халқымызда «Бір тал кессең, он тал ек» деген сөз бар. Өнегелі сөз деп айтсақ, артық болмас. Табиғатты аялау, қоршаған ортаға қамқор көзбен қа-рау – ұлтымыздың болмысында бар асыл қасиет. Бұл – бабаларымыздың бізге қал-дырған өсиеті әрі аманаты. Ал жаңа Консти-туциямыз бойынша осы көзқарас пен іс-ша-ралар азаматтық міндет болып саналады. Сондықтан біз жаппай бір ел болып баста-ған «Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасы-ның қоғамдық және тарихи мәні айрықша. Біз экологиялық мәдениеті жоғары ел бо-луымыз керек. Тағы да атап өтейін: бұл – мемлекетіміздің Конституциясында айқын-далған аса маңызды міндет. «Таза Қазақстан» – жарқын болашағымыздың кепілі. Бұл – жәй ғана ұран емес, бұл – шын мәнінде, еліміздің тазалығы өркениетті бо-лашаққа апаратын даңғыл жол деген сөз, – деді Мемлекет басшысы.

Мәні терең бастама

«Таза Қазақстанды» жүзеге асырудың қазіргі кезеңі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен 2024 жылы басталды. Сол жылы көктемде рес-публиканың барлық өңірін қамтыған ауқым-ды экологиялық акция ұйымдастырылып, ол

САРАП-TIME

ЦИФРЛЫ ЕЛДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІ

Құрылтай қандай мәселелерді көтерді?

16 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Құрылта-йының кезекті отырысында халық қалаулылары экономикалық, әлеуметтік және цифрлық қауіпсіздікке қатысты бірқатар өзекті депутаттық сауалдарды жариялады. Негізгі назар жас ұрпақтың цифрлық ортадағы қауіпсіздігі мен тәрбиесіне, сапасыз жанармай нарығына, қаржылық алаяқтық пен отандық өндірістің шынайы үлесіне аударылды. Құрылтай фракцияларының мемле-кеттік органдар мен Үкімет басшылығына жолдаған сауалдар маңдайда жылдар бойы қордаланған түйткіл-дерге нақты шешім іздеуді мақсат етеді.

Ұлт саулығы мен ұрпақ тәрбиесі

Әлеуметтік желілер мен цифрлық платформалардың өмір салтына айналуы ұлт саулығы мен ұрпақ тәрбиесіне ті-келей ықпал етуде. Осыған орай «Әділет» фракциясының депутаттары Ж.Әшімжанов, Ү.Шапақ, А.Сарым Премьер-Министр О.Бектеновке депутаттық сауал жолдаған. Онда 16 жасқа толмаған балалардың әлеуметтік желілерге тіркелуін заңнамалық тұрғыдан шектеу тетігін енгізуді ұсынды.

ЮНИСЕФ және HBSC зерттеулеріне сүйенген депутаттар еліміздегі 9–12 жастағы балалардың 60–66%-ында әлеу-меттік желі аккаунты бар екенін және кибербуллинг деңгейі 33,5%-ға дейін өскенін атап өтті. Осыған ұқсас халықаралық тәжірибеге (Австралия, Бразилия) сүйене отырып, Үкіметтен жасты растау алгоритмдерін, цифрлық деректерді қорғауды және мектептерде медиасауат сабақтарын енгізуді ұсынған.

Сондай-ақ, «Әділет» фракциясының депутаттары Ж.Амантайұлы, Т.Адамбеков, Г.Атабаева, Р.Сулаймонова, Ү.Шапақ Мәдениет және ақпарат министрі А.Қырықбаев пен Ішкі істер министрі Е.Саденовке сауал жолдап, «треш-стриминг» өрістеуіне тосқауыл қоюды сұрады. Депутаттар тікелей эфирлерде балағат сөз айту, арандатушылық пранк-



бірнеше тақырыптық кезеңге бөлінді. «Таза өлке», «Киелі мекен», «Жасыл аймақ», «Өнегелі ұрпақ», «Мөлдір бұлақ» бағыттары арқылы тазалықты тек қоқыс жинаумен шек-темей, тарихи орындарды абаттандыру, ағаш отырғызу, аумақтарды көгалдандыру және аға буынға қолдау көрсету сияқты қо-ғамдық құндылықтармен байланыстырды.

Алайда, бастаманың тамыры бұдан да ертерекке кетеді. 2019 жылы «Бірге – Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы қолға алынған болатын. Ал 2024 жылдан бастап бұл тәжірибе жаңа мазмұн-мен толықтырылып, экологиялық мәде-ниетті қалыптастыруға бағытталған ұзақ мерзімді мемлекеттік саясат деңгейіне кө-терілді. Осылайша 2024 жылғы 31 қазанда Үкімет 2024–2029 жылдарға арналған «Таза Қазақстан» экологиялық мәдениетті дамыту тұжырымдамасын бекітті. Құжатта экологиялық ойлауды қалыптастыру, жауап-ты мінез-құлықты дамыту, экологиялық білім беру және халықты ақпараттандыру негізгі бағыттар ретінде белгіленген. Ал 2026 жылы «Таза Қазақстан» экологиялық бастамасы Жаңа Конституциямызда халық-тың қолдауымен бекітілді. Елдегі экология-лық жобалар БҰҰ-ның Тұрақты даму мақ-

саттарымен байланыстырыла отырып жүзеге асырылуда.

Сондықтан «Таза Қазақстанды» тек таза-лық акциясы деп қабылдау оның негізгі мазмұнын тарылтады. Оның түпкі мақсаты – адамның қоршаған ортаға деген мінез-құл-қын өзгерту.

Алматының бірегей қалалық мәдениеті

«Таза Қазақстанның» жүзеге асып жатқа-нының нақты көрінісін Алматыдан байқауға болады. Экологиялық бастама көтерілгелі бері қаламызда тұрақты түрде түрлі акция-лар ұйымдастырылуда. Сонымен қатар, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған ауқымды ақпараттық-түсіндір-мелі, заңнамалық өзгерістер жүзеге асып келеді.

Биыл да бұл үрдіс жалғасуда. Мысалы, 19 қыркүйекте Қала күні мен Дүниежүзілік тазалық күніне орай Алматыда өткен жалпы-қалалық сенбілікке 50 мыңнан астам адам қатысты. Қала саябақтары, алаңдары, аула-лары мен қоғамдық кеңістіктер тазартылып, мыңнан астам ағаш отырғызылды.

Сенбіліктегі негізгі алаңдардың бірі «Аю-сай» визит орталығы болды. Мұнда мыңнан

астам адам жиналды. Іс-шараға Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды да қа-тысты. Ол тұрғындармен, жастармен, ерікті-лермен және қалалық қызмет өкілдерімен бірге көшет отырғызуға атсалысты. «Аюсай» аумағына 100 қылқан жапырақты ағаш, оның ішінде 50 қарағай мен 50 шырша егілді.

Алматы үшін бұл жұмыстың мәні ерекше. Миллиондаған тұрғыны бар мегаполисте та-залық мәселесін тек коммуналдық қызмет-тердің күшімен шешу мүмкін емес. Қаланың жағдайы тұрғындардың күнделікті мінез-құл-қына тікелей байланысты. Осы тұрғыдан ал-ғанда, «Таза Қазақстанның» негізгі нәтижесі жиналған қоқыстың немесе отырғызылған ағаштың санымен ғана өлшенбейді. Ең ма-ңыздысы адамның қоғамдық кеңістікке деген көзқарасының өзгеруі.

Демек, «Таза Қазақстанның» ұзақ мерзімді мәні бір күнде қаланы тазалауда емес. Оның мақсаты – тазалықты акциядан әдетке, әдеттен мәдениетке айналдыру. Ал Алматыдағы мыңдаған тұрғынның тұрақты қатысуы бұл идеяның қалалық деңгейде қоғамдық тәжірибеге еніп келе жатқанын көрсетеді.

(Дереккөз: Akorda.kz).

Ал «Ақ жол» ҚДП фракциясының өкілдері бірден екі сауалмен көзге түсті: Депутат Ю.Ли бастаған топ Бас проку-рор Б.Асылówka, Ішкі істер министрі Е.Саденовке және Қар-жылық мониторинг агенттігінің төрағасы Ж.Әлимановқа заңсыз «Alem Credit» онлайн платформасының алаяқтық әрекеттері бойынша сауал жолдады. Депутаттардың сөзіне қарағанда, лицензиясы жоқ мекеме 50 мың теңге қарыз беріп, азаматтардан 752 мың теңге етіп қайтаруды талап еткен. Оған қоса, биометриялық деректерді заңсыз жинап, AI арқылы жасалған арсыз суреттермен, психологиялық қысыммен қорқытқан. Депутаттар заңсыз фишингтік сайт-тарды жедел бұғаттауды және бұл істі қуық қорғау органа-рының жіті бақылауына алуды сұрады.

Депутат Б.Бибеев бастаған топ Премьер-Министрдің Бірінші орынбасары Н.Нәлібаевқа сауал жолдап, «Самұрық-Қазына» сатып алуларындағы елішілік құндылық әдісте-месінің үстірттігін сынады. «Индустриялық сертификат» жо-йылған соң 705 кәсіпорынның отандық өндіруші мәртебесіне сай еместігі анықталған. Осыған орай депутат-тар алыпсатарларды нағыз отандық өндірушілерден ажыра-ту үшін кедендік декларациялар мен өнімді өңдеу тереңдігін салыстыратын жаңа әдістеме енгізуді сұрады.

Бұдан бөлек, денсаулық сақтау мен тұрғын үй мәселесінде де маңызды бастамалар көтерілді. «Әділет» фракциясының депутаты С.Пономарев Премьер-Министрге сауал жолдап, Қазақстанда рак ауруынан өлім-жітім бойынша 1-орында тұр-ған өкпе обырын ерте анықтауға арналған ЖИ скрининг жоба-сының неге кідіріп жатқанын сұрады. Әлемдік банк грантымен жасалған ЖИ жүйесі 200 медициналық ұйымға интеграциялан-ғанымен, әлі күнге дейін толық іске қосылмаған.

«Әділет» фракциясының тағы бір депутаты Е.Смышляева Өнеркәсіп және құрылыс министрі Е.Нағаспаевқа сауал жо-лдап, ПИК мен МИБ төрағаларының құқықтық мәртебесін, ТКШ жүйесін цифрландыруды, тұрғын үйлердің бірінші қаба-тындағы дәмханаларға қойылатын санитарлық талаптарды күшейтуді және ТКШ бөлімдерінің штатын көбейтуді ұсынды.

Құрылтай депутаттары көтерген бұл сауалдар елдегі заңды-лықты нығайтуға, азаматтардың құқығы мен қаржысын қорғау-ға және мемлекеттік ресурстардың тиімді жұмсалуды қамтама-сыз етуге бағытталған маңызды қадам болып табылады.

Пердехан ШӘМШИЕВ.
сарапшы.

ТУРИЗМ

Алматы әлемдік туристік картаға шығады

Мегаполистің туристік әлеуеті Turkish Airlines-пен жасалған меморандум аясында шетелде таныстырылады.

Алматы қаласының Туризм басқармасы Turkish Airlines әуе компаниясымен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Құжат қала туризмінің әлеуетін шетелдік нарықтарда таныстыруды және бірлескен маркетингтік науқандар өткізуді көздейді. Ұнтымақтастықтың негізгі бағыттарының бірі – әуе компаниясының Стамбул арқылы жүзеге асырылатын кең маршруттық желісін пайдалана отырып, Еуропа, Солтүстік Америка,

Таяу Шығыс, Африка және басқа да өңірлерден туристер тарту. Бүгінде Turkish Airlines 133 елдегі 351 қала мен 358 әуежайға рейс орындайды. Алматы мен Стамбул арасында аптасына 21 рейске дейін тікелей әуе қатынасы бар. 2025 жылы Алматыға Түркиядан 36 954 турист келді. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда жоғары. Меморандум Алматы қаласы Туризм басқармасына қаланы халықаралық деңгейде ілгерілету географиясын кеңейтуге және түрлі елдерден туристер тарту үшін әуе компаниясының бағыттар желісінің мүмкіндіктерін пайдалануға мүмкіндік береді.

Рая ЕСКЕНДІР.



Қаланың «жасыл мектептері»

Қала күніне орай Алматыда «Үздік жасыл мектеп» байқауының жеңімпаздары анықталды. Алматы қаласы Білім басқармасы ұйымдастырған экологиялық байқау жеңімпаздарын марапаттау салтанаты Алатау аудандық оқушылардың Инновациялық орталығында өтті.

Аталмыш байқауға әр ауданынан екі білім беру ұйымы қатысты. 28 тамыз бен 5 қыркүйек аралығында өткен аудандық кезеңнен ең үздік деп танылған 16 ұйым қалалық байқауға өткен еді. Қатысушылар портфолиоарын, бейнематериалдарын және экологиялық жобаларын ұсынды. Сонымен қатар, мектеп аумағын көгалдандыру, көркейту және экологиялық мәдениетті қалыптастыру бағытында атқарған жұмыстарын көрсетті. Байқаудың негізгі бағыттарының бірі – «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасының қағидаттарын білім беру ұйымдарында іске асыру болды. Мектептерде қалдықтарды бөлек жинау, ресурс үнемдеу, экохабтар мен жылыжайлардың жұмысын ұйымдастыру, экологиялық еріктілікті дамыту және оқушыларға арналған практикалық сабақтар өткізу тәжірибесі бағаланды. Қатысушы мектептер жасыл аймақтар мен гүлзарларды ретке келтіріп, қалдықтарды бөлек жинауға арналған орындарды жетілдіріп, түрлі экологиялық бастамаларын таныстырды. Байқау ережесіне сай жеңімпаздар «Үздік жасыл мектеп», «Үздік жасыл балабақша» және «Үздік жасыл колледж» сынды

үш аталым бойынша анықталды. Байқаудың бас жеңімпазы болып, Бостандық ауданындағы дарынды балаларға арналған №199 мамандандырылған гимназия танылды. Мектеп басшысы Сандуғаш Нышанова мектептің экологиялық бағыты көркемдік бейінімен тығыз байланысты екенін жеткізді. Байқаудың 2-орнын Жетісу ауданы №177 мектеп иеленсе, 3-орын Алмалы ауданының №15 гимназиясы мен Алатау ауданы №201 мектебіне бұйырды. – Оқушыларымыз табиғатты қорғау жобаларына үнемі қатысып келеді. Олар қоршаған ортаға ұқыпты қарау тақырыбында әлеуметтік және экологиялық плакаттар жасайды. Оқу бағдарламасы аясында пленэрлерге қатысады. Ең бастысы, олар қоршаған ортаны қорғап, оның сұлулығын сақтауды үйренеді, – деді жеңімпаз мектеп басшысы С.Нышанова. Қазіргі таңда Алматы мектептерінде «Эко-хаб» клубы да жұмыс істейді. Оқушылар жыл бойы жылыжайларда көкөністерді күтіп баптауды үйренеді. Сонымен қатар, табиғи материалдардан бұйымдар жасап, көрмелерге қатысады. Оларға эколог мамандар шеберлік сыныптарын өткізіп отырады. Сонымен, байқау балалардың экологиялық әдетін қалыптастыруға және өске-лең ұрпақты «Таза Қазақстан» қағидаттарын іс жүзінде жүзеге асыруға тартуға бағытталған жұмыстың бір бөлігіне айналды. Ал үздік деп танылған тәжірибелер Алматыдағы білім беру ұйымдарына енгізілетін болды.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ЖӘРМЕҢКЕ

Маманға жұмыс табылды

Алматының Арбатында Еңбек күні мен Қала күніне орай жалпықалалық бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өтті. Іс-шараға жұмыс іздеушілермен қатар, қаладағы түрлі салада қызмет көрсететін жұмыс берушілер қатысты.

Алматы қаласының Еңбек мобильділігі орталығы мен Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы ұйымдастырған шараға 100 жұмыс беруші қатысып, 400-ден астам бос жұмыс орнын ұсынды. Ұйымдастырушылардың мәліметінше, ұсынылған жұмыс орындары арқылы 2500-ге жуық адамды жұмыспен қамтуға мүмкіндік бар. Жәрмеңкеде жұмыс іздеп жүргендер жұмыс берушілерден бос орындар, еңбек жағдайы, жалақы мөлшері, әлеуметтік кепілдіктер мен кәсіби өсу мүмкіндіктері туралы ақпарат алды. Сонымен қатар, тұрғындарға жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік қолдау шаралары мен кәсіптік оқыту бағдарламалары түсіндірілді. Алматы қаласы Еңбек мобильділігі орталығының директоры Айқын Жиенқұловтың айтуынша, жәрмеңкеге жұмысқа орналасуда қосымша қолдауды қажет ететін сотталған және мүмкіндігі шектеулі азаматтар да шақырылған. Директор жәрмеңкеде медицина, білім беру, өнеркәсіп және қызмет көрсету салаларындағы бос жұмыс орындарына сұраныс жоғары болғанын алға тартты. – Жұмыс іздеушінің ниеті мен қабілетіне қарай жұмыс та табылады. Жастарды жұмыспен қамтуға бағытталған «Жастар практикасы» атты бағдарлама бар. Жоғары оқу орнын тәмамдаған түлектің өз мамандығы бойынша қызметке кірісуіне көмектесеміз. Алматы-

лық жастарды осы мүмкіндіктерді пайдалануға шақырамыз, – дейді Қалалық Еңбек мобильділігі орталығы Мансап орталығының директоры Алтынай Жүкенова. Маманның айтуынша, жастарға арналған жұмыспен қамту бағдарламалары еңбек нарығына енді қадам басқан түлектер үшін тәжірибе жинақтауға мүмкіндік береді. Жұмыс берушілермен байланыс орнату және азаматтарға бос жұмыс орындарын ұсыну бағытында 12 жылдан бері еңбек етіп келе жатқан маман Гүлзінат Рахманбердіқызының айтуынша, мұндай жәрмеңкелердің нәтижесі бір күндік кездесумен шектелмейді. – Жұмыс іздеуші мен жұмыс беруші бір жерде кездескен кезде екі тарапқа да тиімді мүмкіндік туады. Азамат өзіне ұсынылған қызметтің талаптарын тікелей жұмыс берушіден біледі. Ал кәсіпорындар өздеріне қажетті маманды іздей алады. Сондықтан мұндай жәрмеңкелердің маңызы зор, – дейді маман. Бүгінде еңбек нарығында жұмыс берушіге қажетті маман мен жұмыс іздеушінің талабын сәйкестендіру маңызды. Осы тұрғыдан алғанда, бос жұмыс орындары жәрмеңкесі азаматтарға қызмет табумен қатар, еңбек нарығындағы сұранысты білуге, жаңа мамандықтар мен кәсіби мүмкіндіктерді бағалауға жол ашады.

Дана САДЫРҚАН.
Сурет: Қ.ҚОНЫСБАЕВ.



Алматының экономикалық қарқынын қала тіршілігінен-ақ байқауға болады. Бір жерде жаңа өндіріс орны іске қосылса, енді бір аумақта логистикалық нысан бой көтеріп, кәсіпкерлік нүкте көбейіп келеді. Қаланың келбеті өзгерген сайын оның экономикалық құрылымы да жаңа сипат алып отыр.

Биылғы көрсеткіштер мегаполисте бірнеше бағыттың қатар дамып жатқанын аңғартады. Өнеркәсіп өндірісінің көлемі мен негізгі капиталға салынған инвестиция өсіп, құрылыс жұмыстары қарқынын сақтап тұр. Сауда мен қызмет көрсету саласы да қала экономикасының негізгі тіректерінің бірі болып отыр. Ал шағын және орта бизнес күнделікті экономикалық белсенділікті қалыптастыратын маңызды күшке айналды.

Инвестиция игілігі

Индустриялық аймақта жыл соңына дейін тағы бірқатар жаңа кәсіпорын іске қосылмақ. Олардың қатарында құрылыс материалдарын, тұрмыстық қағаз өнімдерін, металл конструкцияларын шығаратын өндірістер, сондай-ақ логистика және инженерлік бағыттағы жобалар бар. Яғни Алматыдағы өндіріс бір ғана бағытпен шектелмейді. Құрылысқа қажетті өнім шығаратын кәсіпорындармен қатар инженерлік жабдық, түрлі тауар өндіретін және логистикалық қызмет көрсететін нысандардың көбеюі экономиканың әртараптанып келе жатқанын білдіреді.

Өзгерістің тағы бір маңызды көрсеткіші – инвестиция. 2026 жылдың қаңтар–маусымында Алматыда негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 1,021 триллион теңгеге жетті. Оның ішінде жылжымайтын мүлікке 299 миллиард теңге, көлік және қоймалау саласына 172,6 миллиард теңге, ақпарат және байланысқа 143,8 миллиард теңге, энергетикалық инфрақұрылымға 93,9 миллиард теңге бағытталған. Демек, инвестиция қала экономикасының әртүрлі буынына бағытталып отыр. Бұл өндірістің өзімен бірге оны қамтамасыз ететін көлік, байланыс және энергетикалық инфрақұрылымның да қатар дамуына жол ашады.

2026 жылдың бірінші тоқсанында қалаға тартылған тікелей шетелдік инвестиция көлемі 2,1 миллиард долларға жеткен. Ұлттық банк дерегіне сүйенген Алматы қаласының Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы бұл көрсеткіштің

ӨНДІРІСТІҢ ӨРІСІ КЕҢЕЙДІ



былтырғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда, 32,1% төмендегенін хабарлады.

Экономист Руслан Сұлтанов инвестициялық көрсеткіштерді тек көлемімен емес, құрылымымен қарау қажет екенін айтады. «2026 жылдың бірінші тоқсанында Қазақстанға келген тікелей шетелдік инвестицияның жалпы ағыны 6,3 миллиард доллар болды. Алматыға оның 2,1 миллиард доллары тиесілі. Осылайша Алматы инвестиция тартуда елдегі негізгі орталықтардың бірі болып отыр. Алайда, өткен жылдың бірінші тоқсанымен салыстырғанда, қаладағы көрсеткіш төмендеген. Былтыр бұл кезеңде Алматыға 3,1 миллиард доллар инвестиция келген еді. Яғни биылғы 2,1 миллиард доллар көрсеткіші шамамен,



үштен бірге азайған», – дейді экономист.

Шаһарда биыл жалпы құны 542,8 миллиард теңге болатын 35 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланған. Бұл жобалар өндірістік инфрақұрылымды дамытуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және қаланың экономикалық құрылымын кеңейтуге бағытталған.

Негізгі тірек – кәсіпкерлік

Қаланың күнделікті экономикалық қозғалысында шағын және орта бизнестің орны айрықша. Бүгінде мегаполисте 362 мыңнан астам белсенді ШОБ субъектісі жұмыс істейді. Олар сауда, қызмет көрсету, өндіріс, қоғамдық тамақтану, құрылыс, білім беру және басқа да салаларды қамтиды. Кәсіпкерлерді қолдауға да көңіл бөлініп келеді. Биыл жергілікті бюджеттен субсидиялау мен жеңілдетілген несие беруге қаражат қарастырылып, жүздеген жобаға қолдау көрсетілді. Шағын өнеркәсіптік парктердің дамуы да осы

үдерістің бір бөлігі. Дайын өндірістік алаңдардың болуы кәсіпкерлердің бастапқы шығынын азайтып, шағын бизнестің нақты өнім шығаратын кәсіпорынға айналуына мүмкіндік береді. Өндірістік парктер арқылы кәсіпкерлердің өндіріс орындарын ашып, нақты тауар шығаруға бет бұруы қаланың экономикалық базасын кеңейте түседі.

Сауда саласы да Алматы экономикасындағы маңызды бағыттардың бірі болып отыр. 2026 жылғы қаңтар–тамызда қаладағы бөлшек сауда көлемі 5,5 триллион теңгеге жетті. Бұл көрсеткіш мегаполистегі тұтыну нарығының ауқымын көрсетеді. Қала халқының өсуі, ішкі көші-қон және кәсіпкерлік белсенділік саудаға деген сұранысты қалыптастырды.

Қысқасы, мегаполистің экономикалық картасында жаңа нүктелер пайда болып жатыр. Ал олардың көбейе түсуі мегаполистің тек ірі сауда орталығы емес, өндіріс, кәсіпкерлік, инвестиция мен жаңа технологиялар тоғысқан экономикалық орталық ретіндегі рөлін де кеңейтеді.

ЖАҢА ҚҰРЫЛЫС

жан-жақты жоспарланады

Алматыда жаңа тұрғын үй кешенін салу үшін Абос жердің болуы жеткіліксіз. Жаңа үйдің қанша қабатты болатынынан бастап, оған қанша адам қоныстанатынына, сол тұрғындарға мектеп пен балабақша, жол мен қоғамдық көлік, су, жылу, электр және кәріз желілерінің жете ме деген мәселеге дейін алдын ала есептеледі. Өйткені, көпқабатты үйдің бой көтеруі – бір ғана нысанның құрылысы емес, тұтас аумақтың дамуына әсер ететін процесс.

Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында Сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысының орынбасары Данияр Әлімсейітов жаңа тұрғын үй жобаларының параметрлері Алматының Бас жоспары, аумақты жан-жақты жоспарлау жобалары, қала құрылысы регламенті, сейсмикалық жағдай және қалалық инфрақұрылымның мүмкіндігі ескеріле отырып айқындалатынын айтты. Мамандық сөзінше, жобаны қарау ғимаратты жер учаскесіне орналастыру мүмкіндігімен ғана шектелмейді. Нысанның қолданыстағы қала құрылысы құжаттарына, аумақты дамыту талаптарына және инженерлік әрі әлеуметтік инфрақұрылымның мүмкіндігіне сәйкестігі де бағаланады.



«Ең алдымен, жоба бекітілген қала құрылысы құжаттамасына сәйкес болуы тиіс. Бұл жер учаскесінің нысаналы мақсатына, нысанның параметрлеріне, қабаттылығына, ғимараттың орналасуына, кіреберіс жолдарға, инженерлік қамтамасыз ету мен абаттандыруға қатысты», – деді Данияр Әлімсейітов. Қала жағдайында бұл талаптардың маңызы ерекше. Алматы сейсмикалық аймақта орналасқандықтан, құрылыс кезінде сейсмикалық қауіпсіздік ескеріледі. Сонымен қатар, табиғи ландшафты, тарихи құрылысты және қаланың қалыптасқан сәулеттік келбетін сақтау да маңызды. Басқарма өкілінің айтуынша, қала құрылысы жоспарлауының негізгі құжаттарының қатарында Алматының 2040 жылға дейінгі Бас жоспары, аумақтарды жан-жақты жоспарлау жобалары және қала құрылысы регламенті бар. Функционалдық аймаққа қарай құрылыс тығыздығы, қабат саны мен нысан биіктігіне қатысты параметрлер белгіленеді. Яғни кез келген аумақта бірдей биіктіктегі және бірдей тығыздықтағы үй салуға мүмкіндік берілмейді. Құрылыс сол аумақтың функциясына және оның көтеретін жүктемесіне сәйкес болуы керек.



Тұрғын үй құрылысының тағы бір маңызды бөлігі – болашақ пәтер иесінің құқығын қорғау. Қазақстан Құрылысшылар одағы Алматы филиалының директоры Тимур Нұртаев азаматтарға пәтерді тек жарнамадағы сипаттамасына қарап таңдамауға кеңес берді. Оның айтуынша, сатып алушы құрылыс салушының үлескерлердің ақшасын тартуға заңды негізі бар-жоғын, рұқсат құжаттарын және қаржыландыру тетігін алдын ала тексеруі қажет.

«Бүгінде сатып алушы мәміленің заңды жағына, қаржыландыру шарты мен құрылыс салушының сенімділігіне көбірек мән береді. Азаматтар сатып алып отырған пәтердің артында қандай құжат пен кепілдік тұрғанын түсініп, шешімді тексерілген ақпарат негізінде қабылдауы керек», – деді Тимур Нұртаев. Оның айтуынша, сатып алушы үшін құрылыс жұмысының қалай жүріп жатқанын көру мүмкіндігі де маңызды. Осыған байланысты Қазақстан Құрылысшылар одағы құрылыс салушыны, құрылыс тобын және клиентті бірыңғай ақпараттық кеңістікке біріктіретін цифрлық платформаны әзірлеп, енгізу бағытында жұмыс жүргізіп жатыр.

Құрылыс жұмысының кешенді сипатына да ерекше көңіл бөлінеді. ҚТК тиісті жобаларды жеңілдетілген шартпен қаржыландырады. Тұрғын үйдің жалпы алаңы кемінде 10 мың шаршы метр болуы тиіс. Жоба әлеуметтік және коммерциялық инфрақұрылымды, оның ішінде жаяу қолжетімді жерде мектеп, емхана мен балабақшаның болуын қарастыруы және бекітілген егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына сәйкес келуі қажет.

Бетті әзірлеген Дана САДЫРҚАН.

Иә, смартфоньымыздағы жасанды интеллект қосымшасы қазақша жауап бере алады. Бірақ бұл оның қазақ тілін толық меңгергенін білдіре ме? Мәселен, модель «Менде аппетит жоқ» деп жазуы мүмкін. Бір қарағанда, сөйлем түсінікті секілді. Алайда, қазақ тілінің табиғи қолданысында «Тәбетім жоқ» дейміз. Сол сияқты, «қоныс аударатын құстар» деген тіркес те мағына жағынан дұрыс көрінгенімен қазақ тілінде мұның «жыл құстары» дейтін тамаша атауы бар. Демек, мәселе ЖИ-ді қазақша сөйлетуде ғана емес. Оған қазақ тілінің сөз саптауын, қалыптасқан тіркестерін, мәдени ұғымдарын, морфологиялық құрылымын дұрыс меңгерту қажет.



ЖИ ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ

Қызыл сөздің емес, қызу істің заманы келді

Жақында Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Ахмет Байтұрсынұлының туған күні мен Қазақстан халқы тілдері күніне арналған жиында осы бағыттағы бірнеше жобасын таныстырды. Соның ішінде қазақ тіліне бейімделген токенайзер, 14 миллиардтан астам токеноммен тұратын мәтін қоры, қазақша аудиодеректер, OCR, сөйлеуді тану жүйесі және арнайы бенчмарктар бар. Бұлардың әрқайсысы жеке технология болғанымен, барлығының түпкі мақсаты бір: қазақ тілін жасанды интеллект үшін толыққанды жұмыс тіліне айналдыру. Ендеше, талдап көрелік.

Мәтінді қалай «оқиды»?

Біздің оқу мәдениетімізде мәтіннің мәні бөлек. Адам мәтінді сөз бен сөйлем арқылы қабылдайды. Ал жасанды интеллект оны ұсақ бөліктерге бөледі. Бұл бөліктер токен деп аталады. Мысалы, адам үшін «кітаптарымыздан» деген сөз – бір сөз. Ал ЖИ оны «кітап+тар+ымыз+дан» сынды бірнеше бөлікке бөліп оқуы мүмкін. Мәтінді дәл осы үлгіде бөлетін құралды токенайзер дейміз.

Әлемдегі көптеген токенайзер жүздеген тілге ортақ жасалған. Ал қазақ тілі – жалғамалы (агглютинативті) тіл. Қазақ тілінде бір түбірге бірнеше қосымша қабаттасып жалғана береді. Мысалы, «жаз» етістігінен «жазушы» атауы шығады. Туынды сөз кейін «жазушылар» болып көптеледі. Жоғарыда айтылған, қазақ тілінің табиғи ерекшеліктеріне сай бейімделмеген әмбебап токенайзер мұндай сөздерді тым ұсақ бөліктерге бөліп жібереді. Мұның экономикалық әрі стратегиялық тұрғыдан белгілі бір тиімсіздігі бар.

«Қазақ тілі» қоғамы әлеуметтік желіде жіктеп тұрып көрсеткен мысалда 28 қазақ сөзінен тұратын мәтін әмбебап токенайзер тезіне түсіп, 66 токеном, ал қазақ тілінің морфологиясын ескеретін арнайы токенайзерде 52 токеномге бөлінген. Былай қарасаңыз, аса үлкен айырмашылық емес сияқты. Бірақ миллиондаған сұраныс өңделетін жүйеде әрбір үнемнің мәні арта түседі.

Бір сервисте күн сайын 10 миллион қазақша сұраныс өңделсе, әр сұраныс бірнеше токеномге артық бөлінгеннің өзі жалпы есептеу көлемін айтарлықтай ұлғайтады. Сондықтан қазақша токенайзердің пайдасы тек тілдік емес, экономикалық тұрғыдан да зор.

Тілді нығайту – ЖИ «көмейіне» көп мәтін құю емес. Мысалы, интернеттен бір миллиард сөз жинадық делік. Бірақ оның жартысында жарнама, қайталанған мәтін, орфографиялық қате, автоматты аударма немесе басқа тілдер араласып жүрсе, мұндай қор модельге пайдалы болмайды. Керісінше, модель де шатасып, сол қателерді бойына сіңіріп алады. Сондықтан қайталанған материалдарды алып тастап, жеке мәліметтерді сүзгілей отырып, деректерді тазарту қажет. Мәтіндерді «медицина», «заң», «әдеби шығармалар», «тарихи құжаттар» секілді тақырыптық топтарға бөлген абзал. Сол кезде модельге қай салада қандай дерек беріліп отырғаны анық болады.

Модельді оқыту үдерісі де адам баласының білім алуы секілді жүйелі. Алғашқы сатысы – Pretraining. Бұл кезең мектептегі жалпы білім алу сияқты. Модель өте үлкен мәтін қорын оқып, сөздердің байланысын, сөйлем құрылы-

мын, жалпы тіл заңдылықтарын үйренеді. Келесі кезең – continued pretraining. Яғни дайын модельдің белгілі бір тілді тереңірек оқуы. Демек, көптілді модельдің белгілі бір тілді меңгеруін тереңдетесіз. Арнайы сапалы қазақша мәтіндер беріліп, қазақ тілі бойынша қосымша оқытылады.

Ал кейінгі оқыту кезеңі – fine-tuning. Бұл кезеңде модель нақты мамандыққа бейімделеді. Яғни ол заңгер көмекшісіне, медициналық кеңесшіге, қазақ әдебиетін талдайтын құралға немесе мемлекеттік құжаттарды жазатын жүйеге машықтанады. Белгілі бір саланы оқыған маман секілді іске жегіледі.

Қазақша ойланғаны маңызды

ЖИ-дің миы саналатын икемді нейрожелілерді қазақы ой-өріске көшіру – күрделі мәселе. ЖИ кейде грамматикалық тұрғыдан дұрыс сөйлем құрғанымен, қазаққа жат ойлау үлгісін қолдануы мүмкін. Мысалы: «Мен бұл шешімді қолдаймын, себебі ол маған мағына жасайды» деген сөйлем құрылымы ағылшын тілінің ықпалын (make sense) аңғартады. Қазақы нұсқада: «Шешіміңіз жөнді деп ойлаймын» немесе «Бұл шешімнің мәні бар» болуы тиіс. Сондықтан ЖИ-дің қазақшасын тек «сөздерді дұрыс қолданды ма?» деп емес, «қазақша табиғи ойлай ма?» деген өлшеммен де тексеру керек. Осы орайда біз «бенчмарк» ұғымына тоқталамыз.

Бенчмарк дегеніміз – ЖИ-ге арналған емтихан, модельді тексеретін арнайы сынақ. Мәселен, бір тестте модельге мақал-мәтелдің мағынасын түсіндіріп бер деп тапсырма берілуі мүмкін. Айталық, «Жеті рет өлшеп, бір рет кес» деген мақалдың мағынасын сұрадық. Модель оны сөзбе-сөз түсіндіріп кететін болса, мақалды толық меңгермегені. Сондай-ақ, этнографияға қатысты «Бәсіре деген не?» деген сұрақ қойылды делік. Дұрыс жауабы – балаға арнайы атап өсірілетін мал. Ал модель оны «сыйлық» деп жалпылама түсіндірсе, мәдени ұғымды толық меңгермегені көрінеді. Осындай тесттер ЖИ-дің қазақ тілін ғана емес, қазақы дүниетанымды қаншалықты түсінетінін бағалайды. Тілтанушы ғалым Гүлшат Бақытжан: «Модельдің қазақша сөйлем құрай алуы оның қазақ тілін терең меңгергенін білдірмейді. Ол тілдің табиғи қолданысын, тұрақты тіркестерді, мақал-мәтелдерді, әдеби норманы, мәдени және этнографиялық ұғымдарды да түсінуі керек», – дейді.

Сонымен қатар, қазақ тілінің ЖИ инфрақұрылымы мәтінмен шектелмейді. Мәселен, қазақша дауыстық көмекші жасағымыз келді делік. Қосымша «Қаскелең», «Шонжы», «Жаңақорған» сияқты жер-су атауларын дұрыс таңуға тиіс. Ал «Екі мың жиырма алтыншы жыл» деген тіркесті «2026 жыл» деп, «жиырманшы ғасыр» дегенді «XX ғасыр» логикасында ұққаны жөн. Өзіміз тесттен өткізген ЖИ қосымшасы сирек кездесетін кісі есімдерін тануда біраз мүдірді. Мысалы, «Нұрпейіс», «Мұқатай», «Қайыпберген» сияқты есімдерді модель орысша жазып немесе басқа тілдегі сөзбен шатастырды.

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының хабарлауынша, қазір 11 665 сағат болатын қазақша аудиокор жиналған. Қордың 1637 сағаты сараптамадан өткен. Адам тексеріп, дұрысын көрсеткен сайын жүйе де жетіле түседі, қате мен дұрыс нұсқаны ажыратуды үйренеді.

OCR не үшін керек?

Шынтауайтында, қазақ тіліндегі асыл мұраның көбі әлі кітап беттерінде, газет-журналдарда, архивте жатыр. Мұны да іске қосу маңызды. Мысалы, 1930 жылғы газет беті сканерленді делік. Компьютер үшін ол бастапқыда жәй сурет. OCR сол суреттен әріпті танып, мәтінге айналдырады. Ескі газетте «Ауыл шаруашылығын өркендету мәселесі» деген тақырып тұрса, OCR оны компьютерге енгізілетін кәдімгі мәтінге айналдырады. Бірақ ескі қаріп, сарғайған қағаз, көмескі әріптер кесірінен қате кетуі мүмкін. Сондықтан OCR сапасы ерекше маңызды. Егер «қазақ» сөзі «қазак» болып танылса немесе «өркендету» сөзі мүлдем басқа сөзге айналса, мұндай дерек модельді де қате үйретеді.

ІТ ағартушы Тимур Бектұр өзінің желідегі жазбасында OCR механизмінің мән-маңызы туралы былай деп жазады: «*ChatGPT-ді ашасыз да кітаптың сілтемесін беріп, «Осы беттен осы бетке дейін маған суырып алып, PDF күйінде ұсын» дейсіз. Бұл арқылы қажет материалды парақтап көшіруден құтыласыз. ЖИ барлығын өзі жасайды. Сосын ол PDF күйінде берген соң оны қайтадан ЖИ-ге салып, «Енді осы сканерленген мәтінді маған тірі мәтін күйінде, транскрибация жасап бер» дейсіз. Болды... Былай қараса, негізі, көз майын тауысатын ұзақ жұмыс. Мұның барлығын не үшін айтып отырмын? Әдеби-мәдени майданда жүргендер ауылда отырып та тек Ұлттық академиялық кітапхананың онлайн қорынан ғана табылатын, алайда бірден жұмыс істеуге ыңғайсыз форматтан өзіне ыңғайлы мәтіндік форматқа шығарып алуға болатынын айтып отырмын*», – деп жазады.

Тұтастай алғанда, бүгінгі цифрландыру сапасы – ЖИ сапасына, ЖИ жүйесінің сапасы – тіл тағдырына тікелей әсер етеді. Бір қызығы, бұл жұмысты бір ғана ChatGPT-ге тапсырып қоюға болмайды. Бүгін OpenAI моделі алда болуы мүмкін, ертең басқа компанияның технологиясы көш бастайды. Бірақ қазақ тілінің өзінде сапалы мәтін қоры, аудиодеректер, токенайзер, OCR, сөйлеу тілін тану жүйесі, бенчмарк сынды механизмдер болса, оларды кез келген модельде қолдануға мүмкіндік бар.

Сондықтан негізгі стратегиялық міндет – бір компанияға немесе платформаға тәуелді болмау. Ғалым Гүлшат Бақытжанның сөзімен айтқанда, ең маңыздысы – «қазақ тілін дайын технологияларға кейіннен қосып қоюмен шектелмей, оны ЖИ жүйелерін жасау мен оқытудың негізгі тілдерінің біріне айналдыру».

Қазақ тілі үшін жасанды интеллект дәуіріндегі жаңа талап та осы. Бұрын тілдің дамуына сөздік, оқулық, әдебиет, терминология және БАҚ жеткілікті көрінсе, енді шымыр механизм, жүйелі цифрлық инфрақұрылым қажет. Яғни тілдің болашағы тек халқының ана тілінде сөйлеуі, ана тілінде контент өндіруі сынды бағандарда ғана өлшенбейді. Енді тағы бір басты өлшем тіршілік ортамызға – күн тәртібіне шығады. Басты өлшемнің басты сауалы – «Машина бұл тілді қаншалықты дұрыс түсінеді, өңдейді және табиғи қолдана алады?» деген маңызды кесім.

Ұлтқа қызмет қылып, ана тілінің тұғырын нығайту бағдарында қызыл сөздің емес, қызу істің заманы келді.

Дастан ҚАСТАЙ.
(Сурет: ЖИ).

Тілдік модель әзірленуде

**Қазақ тілі ресурсы
Кешектеулі тілдердің
санатынан шығып, цифрлық ортада толыққанды ұсынылған тілдердің қатарына қосылуы тиіс. Ол үшін тек сөздік пен академиялық зерттеу ғана емес, сапалы тілдік деректің ауқымды массиві, Ұлттық корпус, NLP-құралдары мен төл тілдік модельдер қажет.**

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас директоры, филология ғылымының кандидаты Анар Фазылжан осылай деп мәлімдеді.

Спикердің айтуынша, бүгінгі цифрлық дәуір лингвистерге жүктелген міндетті түгел өзгерткен. Бұған дейін тіл білімі негізінен тілдің құрылымын сипаттаумен, грамматиканы, сөздікті әзірлеумен айналысса, енді тілді машинамен өзара әрекеттесуге де «үйрету» қажет.

Тіл білімі институты Қазақ тілінің ұлттық корпусын құру мен дамыту бойынша үйлестіруші ұйым ретінде айқындалып, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-мен бірлесіп қазақ тіліне арналған үлкен тілдік модель әзірлеу жөніндегі үлкен жобаға қатысып жатыр.

Алдағы уақытта әңгіме тек әмбебап тілдік модельдер туралы емес, қазақ тіліндегі мамандандырылған AI-жүйелер туралы да болуы мүмкін. Ғалымдардың пікірінше, сондай жобалардың бірі отандық AI-лингвист болуы ықтимал. Ол әртүрлі жастағы адамдарға мемлекеттік тілді үйренуге арналған жеке оқу бағдарламасын әзірлей алар еді. Кейін осы тілдік база негізінде AI-дәрігер, AI-инженер, AI-логoped, AI-провизор, AI-заңгер мен басқа да мамандандырылған модельдер пайда болуы мүмкін.

Алматыда еліміздегі қалалардың, өзен мен тау атының тарихын таныстыратын платформа құрылады. Бұл жөнінде осы брифингте аталған институттың кіші ғылыми қызметкері Әрлен Сейітбатқал айтты. Ономастикалық ішкорпус – жалқы есімнің цифрлық базасы. Онда қаланың, ауылдардың, өзеннің, көлдің, таулардың атауы, адам есімі мен басқа да жалқы атаулар жинақталып, жүйеленеді. Қазір базада шамамен, 3 мың түрлі жалқы атау мен жалпы көлемі 15 миллионға жуық сөз қолданыстан тұратын мәтін бар.

Жобаны дамытудың келесі кезеңі Қазақстанның интерактивті картасын жасау болмақ. Егер жоба қолдау тапса, Ономастикалық ішкорпустың деректерін геоаппараттық жүйемен біріктіру жоспарланып отыр.

Нұржамал ӘЛІШ.

ҚАЛА КҮНІ

Қала күні сән-салтанатпен атап өтілді. Айтулы мерекенің басты мақсаты – Алматының мәдени және тарихи мұрасын дәріптеу, шығармашылық пен қоғамдық бастамаларды қолдау, сондай-ақ қала тұрғындарының басын біріктіріп, мерекелік көңіл күй қалыптастыру. Екі күнге созылған танымдық кездесулер, көрмелер, жәрмеңкелер, спорттық жарыстар, балаларға арналған ойын-сауық бағдарламалары Алматының өнер, мәдениет, ғылым және қоғамдық өмірдегі жетістіктерін танытып, шаһардың заманауи әрі жасампаз келбетін айшықтай түсті.
Алматы қаласы Мәдениет басқармасы өкілдерінің хабарлауынша, шаһардың негізгі алаңдарында және барлық сегіз ауданында өткен іс-шараларға 1 млн.-нан астам қала тұрғыны мен қонағы қатысқан.



«Құрметті азамат»

Қала күнінің шымылдығы Абай алаңында ашылды. Оған Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды қатысып, алматылықтар мен шаһар қонақтарын мерекемен құттықтады.
«Алматы қаласының тарихи орны айрықша мәнге ие. Соңғы уақытта алматылықтар Қазақстанда өткен халықтық Конституцияны қабылдау, Ұлттық Құрылтай сайлауы секілді ірі саяси реформаларды белсенді қолдады. XXI ғасыр – мегаполистер дәуірі. Біздің қала да өмір сүруге жайлы орта, бизнеске қолайлы ахуал, туристер үшін жасалған жағдай және зияткерлік стартаптарға берілетін мүмкіндіктер арқылы бәсекеге түсе алады. Басқаша айтқанда, әлемдік бәсекеге лайық қалалар деңгейіне ауысты», – деді Дархан Амангелдіұлы.

Ол уақыт өте талаптың күшейе түсетінін атап өтіп, қала тұрғындарын Алматыны бірге дамытуға және көркейтуге шақырды.
Дархан Сатыбалды салтанатты іс-шарада қаланың дамуында ерекше қолтаңбасы бар он көрнекті тұлғаға «Алматы қаласының Құрметті азаматы» атағын табыстап, қала тұрғындарының атынан құттықтады.
«Алматы қаласының Құрметті азаматы» атағы еңбек ардагері Ғайникен Бибатырвоғаға, көрнекті құрылысшы-инженер Клара Летниковаға, кескіндемеші-суретші Амандос Ақанбаевқа, сәулетші Орысбай Баймырзаевқа, тәжірибелі дәрігер Орынбай Дайырбековқа, ғалым-хирург Болатбек Баймахановқа, «Алматылифт» ЖШС директоры Қалдыбай Қазанбаевқа, «Алматы тазалық» МКК бас инженері Александр Кингеге, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы Әмин Тұяқовқа және көрнекті скрипкашы, дирижер әрі композитор Мұрат Серкебаевқа берілді.

ECO Network

Панфилов көшесінде ECO Network экоаймағы жұмыс істеді. Мұнда қала тұрғындары мен қонақтары пластик қалдықтардың қайта өңделіп, жаңа бұйымдарға айналу жолымен танысып, қалдықтардың қалай сұрыпталатынын көріп, экологияға арналған интерактивті іс-шараларға қатысты. Мәселен, алаңда қалдықтарды бөлек жинау және оларды кейін қайта пайдалану жолдары таныстырылатын эко-трак жұмыс істеді. Велошердерлердің көмегімен қатысушылар пластик қақпақтарды өздері ұсақтап, кейін қайта өңделген материалдың жаңа бұйымдарға қалай айналатынын көре алды.
Қонақтарға экологиялық ойындар, сыйлықтар және қайта өңделген пластиктен жасалған бұйымдар ұтысы да ұсынылды.
Гастрономиялық көше
Қала күні мегаполистегі алғашқы гастрономиялық көше ашылды. Жаңа кеңістік Масанчи көшесінің Сәтбаев даңғылынан Абай даңғылына дейінгі бөлігінде орналасқан. Жоба қала экономикасын, туризмді, шағын және орта бизнесті дамытуға, сондай-ақ за-



БҰЛ – АЛМАТЫ!



Жаңғырту жұмыстарынан кейін 49 сотық аумақ заманауи талаптарға сай көркейтілді. Мұнда сатып алушыларға, фермерлер мен отандық тауар өндірушілерге арналған 112 сауда орны қарастырылған.
Қала күні тауар өндірушілер халыққа азық-түліктің барлық түрін ұсынды. Жәрмеңке кәсіпкерге де, тұтынушыға да тиімді болды.
Жәрмеңкені жаңғырту жұмыстары нысанның әлеуметтік бағыты сақтала отырып, жеке инвестициялар тарту арқылы жүргізілді. Енді демалыс сайын, қыста да жұмыс істейтін жәрмеңкеде бағалар міндетті түрде бақылауда болады деп отыр тиісті мекеме өкілдері.

200 тонна алма

Қазыбек би көшесінің Панфилов пен Назарбаев көшелері аралығында екі күн «Alma Qala Fest» ұйымдастырылды. Онда шаруа қожалықтары алманың 50-ге жуық сортын ұсынды. Жәрмеңкеге 200 тоннадан астам алма жеткізілген.
Алматы халықаралық әуежайында шетелдік туристерге арналған арнайы қарсы алу бағдарламасы ұйымдастырылды.
Қонақтарды ұлттық киім киген батырлар мен хостестер қарсы алды. Туристерге қала нысандары бейнеленген сыйлықтар – Алматы апараты мен қаланың көрікті жерлері бейнеленген кәдесыйлар табысталды.



сы, тілдік шеберлігі және композициялық ерекшеліктері бойынша бағалады. Байқау қорытындысында I орын Иранбек Оразбаевтың «Алматы – бұл дүние жәннаты (шаһар-нама)» шығармасына берілді. II орынды Елена Әбдіхалықованың «Жас едім көкірегімде тасыған ән...» шығармасы иеленді. Ал III орын Ғани Қарлығаштың «Алматы: үш ұрпақ, бір махаббат» және Ақсұңқар Ақынбабақызының «Алматының рухы» шығармаларына берілді. Жүлдегерлердің шығармалары «Шабыт берген Алматы» жинағына жарияланады.

Өнер жас талғамайды

«Алатау» дәстүрлі өнер театрында 50 жас-тан асқан әуесқой өнерпаздар арасында ұйымдастырылған «Алматыны аяла!» қалалық өнер байқауының финалы да Қала күнімен тұспа-тұс келді.
Байқаудың мақсаты – аға буын өкілдерінің шығармашылық қабілетін қолдау, өнерін кеңінен насихаттау, бос уақытын мазмұнды өткізуіне жағдай жасау және қаланың мәдени-қоғамдық өміріне белсенді араласуына мүмкіндік жасау.
Байқау ән, күй және би бағыттары бойынша өтті. Оған 100-ге жуық әуесқой өнерпаз қатысты. Байқау қорытындысында I орын – Наурызбай ауданының «Саржайлау» оркестріне, II орын – Бостандық ауданының «Dancing Queens» би ансамбліне, ал III орын Жетісу ауданының қатысушысы Серік Төлепбаевқа («Туған ел» әні үшін) бұйырды.

Балалар пленэрі рекорд орнатты

Елімізде тұңғыш рет бір мезетте 1000 бала қолына қалам алып, ару қаласына деген іңкәрлікті бояу тілінде «сөйлетті». Қалалық Білім басқармасы мен Оқушылар сарайы бірлескен бұл жоба туған қаламыздың мерекесінде деген тарту болды. Пленэр басталарда балалардың қатысуымен символдық композиция жасалды. Мұнда жас суретшілер «Almaty, Бала Арт – Мың бала» символикасы бейнеленген үлкен ақ мата алыстан менмұндап тұрды.

Алматы қаласы Білім басқармасының басшысы Сәкен Аралбаевтың айтуынша, бұл жаңа мәдени-білім беру жобасы. Жоба балалардың көзімен мегаполистің тарихын, мәдениетін және заманауи келбетін көрсетуге бағытталып отыр. Сәтін салса, келешекте жобаны толықтырып, үрдіске айналдырмақшы екен. Балалар өздерінің шығармашылық

Метродағы фотокөрме

Алматы метрополитенінің «Алматы», «Жібек жолы», «Сайран», «Сарыарқа» және «М.Әуезов атындағы драма театры» бекетінде дәстүрлі фотокөрме ұйымдастырылды. Экспозицияда метро жолаушыларына Алматының тарихы, мәдениеті, өнері мен сәулетіне арналған фотосуреттер мен ақпараттық материалдар ұсынылды.

Фотокөрмеде Абай Құнанбайұлы, Жамбыл Жабаев, Құрманғазы Сағырбайұлы және басқа да көрнекті тұлғаларға тиесілі музыкалық аспаптардың, Нұргиса Тілендиевтің өмірі мен шығармашылығына қатысты материалдардың, Алматы музейінің қорларында сақталған археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған көне жәдігерлердің, сондай-ақ қазақ халқының дәстүрлі зергерлік өнерінің озық үлгілерінің фотосуреттері қойылды.

«Otbasy fest»

Абай алаңында ұйымдастырылған «Otbasy Fest» қала тұрғындары мен меймандарына мәдени, танымдық және отбасылық ауқымды бағдарламалар ұсынды.

Фестивальдің негізгі өзегі – үлкен-кішінің, яғни отбасының бірге қыдыруына жағдай жасау, баршаға ортақ мәдени, ойын-сауық және танымдық демалыс ұйымдастыру. Бұл тек концерт емес, әр жастағы қала тұрғындарына арналған бірнеше тақырыптық кеңістікті біріктіретін мерекелік алаң болды. Яғни онда «Алма аймағы», «Шеберлер қалашығы», балалар және крафт ойындар аймағы және фудкорт жұмыс істеді. Сондай-ақ, «Ажарлы Алматы» республикалық кәсіби суретшілер байқауында үздік деп танылған картиналар экспозициясы ұсынылды.

3D Mapping Show

Қала күніне арналған мерекелік ауқымды концерт «Астана», Абай және «Алатау» дәстүрлі өнер театры алаңдарында өтті.
Музыкалық кеш «Астана» мен Абай алаңдарында екі күн қатарынан болды. Онда Роза Рымбаева, Алтынбек Қоразбаев, Айжан Нұрмағамбетова, Жеңіс Сейдोलлаұлы, Мақпал Жүнісова, Мадина Садуақасова, Айдана Меденова, Төреғали Төреәлі, Еркеш Хасен, Мирас Жүгінісов, KALIFARNIYA секілді артистер және «Дос-Мұқасан», өзбекстандық «Ялла», «Алатау серілері», «Алаш ұлы», ALPNA, «Кешью» сынды танымал топтар өнер көрсетті.
«Астана» алаңында ауқымды Almaty Vibes музыкалық фестивалі ұйымдастырылды. Кештің жарқын сәттерінің бірі Алматының даму тарихын, қаланың танымал сәулет нысандары мен заманауи цифрлық технологияны тоғыстырған мультимедиялық 3D Mapping Show болды. ҚБТУ ғимаратының қасбеті ауқымды экранға айналды. Жарық және визуалды эффекттердің көмегімен онда қала тарихы бейнеленіп, көрермендерге таныс Алматыны ерекше цифрлық форматта тамашалауға мүмкіндік берді.
«Алатау» дәстүрлі өнер театрының алаңында өткен «Алматыға махаббатпен» атты мерекелік концерт те алматылықтар мен қала қонақтарына көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

ТІЛШІЛЕР тобы.

Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ҚАЛАДАҒЫ ҚОҢЫР КЕШТЕР

ТОҚСАННЫҢ ТҰҒЫРЫ

Алматыда Көбен Асқарұлының мерейтойы аталып өтті

Руханиятымыздың ордасы Алматы қаласы – тағылымды талай кештің ұйытқылы орталығы. Күні кеше ғана шаһардағы зиялы қауым өкілдері мен әдебиетсүйер қауым тағы бір қоңыр кештің куәсі болды. Сонау Алтайдың арғы бетіндегі бар саналы ғұмырын қазақ тарихының жоғын жоқтап, кемін толықтыруға арнаған шежірелі қария Көбен Асқарұлының 90 жас мерейтойы аталып өтті.

ҚР Ұлттық кітапханасында өткен әдеби жиынға ақын-жазушылар, тарихшы-зерттеушілер, тілші ғалымдар мен өзге де зиялы қауым өкілдері қатысты. Кеш барысында қарт қаламгердің «Тау тұлға табиғаты», «Жыр – махаббат», «Алқа» сынды үш бірдей кітабы көпшілікке таныстырылды.

Жиын тізгінін ұстаған Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы, «Қазақ әдебиеті» газетінің Бас редакторы, ақын Бауыржан Жақып сөз басында биыл Көбен Асқарұлының 90 жылдық мерейімен қатар әкесі, әйгілі тарихшы, белгілі қаламгер Асқар Татанайұлының да 120 жылдығы екенін еске салды. Кеш иесінің өмірбаянын, отты жырларын оқып, жиналғандарға ретімен сөз ұсынды. Әдеби кеш соңы ғылыми конференцияға ұласып, Қазыбек Иса, Сұраған Рахметұлы, Асқар Алтай, Тұрсынхан Зәкенұлы, Ғалым Қалибекұлы,

Нұрдәулет Ақыш сынды елге белгілі ақын-жазушылар Көбен Асқарұлының шығармашылығын әр қырынан талқылады.

Ақын Қазыбек Иса Асқар Татанайұлы мен баласы Көбен Асқарұлының Алаш мұрасын зерттеуде, Алаш зиялыларының өмірі мен өнегесін жеткізудегі еңбегіне баса тоқталып, ұлт тарихын зерделеген әулетке айрықша алғыс айтты. Әрі Көбен Асқарұлына «Алаш алтын медалін» табыстап, иығына зерлі шапан жапты.

Ал кеш иесінің поэзиясына арнайы тоқталған Сұраған Рахметұлы: *«Көбен Асқарұлы сонау 1960 жылдардың өзінде Қазақ әдебиетінде енді ғана қаулап келе жатқан баллада жанрын терең меңгерген ақын. Сондағы жиырманың алаулы шағында жазған жырлары міне, қазіргі ғасыр ширегіне дейін өзінің отты демін әлі басқан жоқ»*, – деді.

Жазушы Асқар Алтай мен жазушы-та-



рихшы Тұрсынхан Зәкенұлы Көбен Асқарұлын көне мен жаңаның арасын жалғаған, ескінің жоғын жоқтап, жаңаға жол сілтеген аға буын өкілдерінің бірі ретінде атап өтті.

Басқосуда Ахмет Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты мен Сүлеймен Демирел университетінің тілші ғалымдары Гүлнара Талғатқызы мен Ғазиза Отарбаева өз баяндамаларын қаламгердің шығармаларындағы тілдік ерекшеліктерге, қазақы сөз саптау үлгілеріне бағыттады. Әсіресе, қазақтың қазір ұмыт болған сөз ұстау жосынын терең талдады. Сонымен бірге, Көбен Асқарұлының шығармашылығына енген кейбір байырлы салт-дәстүрлерге қатысты деректердің бүгінгі күн үшін аса құнды екенін баса белгіледі.

Тоқсанның тұғырындағы кеш иесі Көбен Асқарұлы өз сөзін Тәуелсіздікке тәу етумен бастады.

– *Қазаққа осы күнді берген Құдайға мың шүкір! Қазақстан, қазақ елі тәуелсіздік алды дегенді естігенде, әкем Асқар Татанайұлы «Бұл күнді де көрдік-ау, бақыттымын!» деп көзіне жас алған еді. Енді міне, осы Тәуелсіз елде ағайын-туыс бас қосып жатыр. Бұдан зор бақыт бар ма?! –* деп тебіренді.

Кеш соңында Қазақстан Жазушылар төрағасының орынбасары Ғалым Қалибекұлы мерейтой иесіне «Қазақстанның Құрметті жазушысы» атағын табыстады.

Дастан ҚАСТАЙ.



Техника ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі, «Құрмет» орденінің иегері, Қазақстанның және ТМД елдерінің құрметті жолшысы, ғалым Бағдат Телтаевтың 60 жылдық мерейтойы қарсаңында ұстазымыздың ғибратты өмір жолын баян етсек дейміз.

Алтын бесік әлдіі

Өнегелі ұстазымыз сонау 1966 жылдың көктемінде Шу өзенінің асау толқындары жағаға соғып, ғасырлар шежіресін күбірлеп айтып жатқан қасиетті дүние есігін ашқан еді. Атасы Бұрханбай Баласағұнда тұратын құдасы Нұржау молданы арнайы шақырып, кітап аштырып, «Бағдат шаһары халифаттың астанасы, дін мен ғылымның ордасы болған, өсе келе ғалым, діндәр болсын» деп, ырымдап нәрестеге Бағдат деген есім береді.

Оның кіндік қаны тамған жер – Жамбыл облысының Меркі ауданындағы бүгінде Жауғаш батыр аталатын шағын ауыл. Айналасын жеті өзен көмкерген, мамыр туа бүкіл даласы қызғалдақтан кінем төсеп, жусанының жұпар иісі аңқыған бұл мекенді Бағдат ағамыз «Кіші Жетісу» деп атайды.

Бала Бағдаттың көкірегіне алғаш имандылық пен тектіліктің дәнін еккендер – қасиетті Баласағұн топырағының тумалары, аяулы әжелері Бөтей мен Нілтәй (Нұржау молданың қызы) еді. Ал оның төртінші атасы болып келетін Нұржау баба сол өңірге аты мәлім абыз, жүзінен нұр саулаған емші, діндар адам болыпты. Қазан қаласы-

МЕРЕЙ

ҰСТАЗ ЖОЛЫ – ҰЛЫЛЫҚ МЕКТЕБІ

нан Құран, ислам діні негіздері мен сопылық кітаптарын алдыртып оқыған. Ол кісінің Баласағұндағы үйінің алдында жұпар иісі мұрын жаратын, үлкендігі кеседей екі түп ғажайып апорт алма ағашы өскен екен. *«Қарт баба ауылға келген сайын сол алмадан ала келетін еді, оның дәмі ерекше болатын, алманың түп отаны осы біздің Жетісу өңірі екеніне күмәнім жоқ»*, – дейді бүгінде Бағдат ағамыз.

Арман қала және қос соқпақ

1986 жылдың маусымында үлкен арманның жетегімен Бағдат Алматыға келеді. Кеудесінде қос бірдей мақсат ұялаған ол Өскемен құрылыс-жол институтының Алматыдағы жалпы техникалық факультетіне (кейін Алматы автомобиль-жол институты) оқуға түссе де, әдебиет айдынын ұмытпады. Түн жамылып отырып өлеңдер жазды. Тырнақалды өлеңдер топтамасы мен мақалаларын арқа-лап келген жас талапкерді белгілі ақын-жазушылар Мұхтар Шаханов, Мереке Құлкенов, Рақымжан Отарбаев, Мәди Қайыңбаев, жас журналистер Бауыржан Омаров, Рысбек Қыдырбеков және Әнуарбек Әуелбеков жылы қарсы алды. Оның өлеңдері «Жалын» журналында, мақалалары «Лениншіл жас» газетінде жарық көрді. Белгілі ақын Есенбай Дүйсенбаев батасын беріп, оның тұңғыш жыр жинағын студент кезінде «Жалын» баспасынан шығармақ болды.

Студент Бағдаттың арманы институтты бітіріп, Мәскеудегі Максим Горький атындағы Әдебиет институтына түсу еді. Алайда, тағдырдың оған дайындаған сыйы мүлдем басқа арнада жатқан болатын...

Институттың үшінші курсына оқып жүргенде «инженерлік геодезия» пәнінен сабақ беретін ұстазы Бақыт Атымтаев оны Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі Шмидт Мұсаұлы Айталиевке алып барып: «Мына жігіттен ғалым шығуы мүмкін, ғылымға баулып көрсеніз...» дейді. Сол күннен бастап Бағдат әдебиеттің көркем әлемінен ғылымның тұңғыық та терең мұхитына сүңги бастайды. 1991 жылы дипломдық жұмысын, 1994 жылы кандидаттық, ал 1998 жылы докторлық диссертациясын феноменалды жылдамдықпен қорғап шығып, Қазақстанның ғылым аспанында жаңа жұлдыз болып жанып шыға келді.

«Телтаев принципі»

Бағдат Бұрханбайұлы 2006–2022 жылдар аралығында Қазақстанның жол ғылымын әлемдік деңгейге көтерді. Ол басқарған Қазақ жол-ғылыми-зерттеу институтында әлемдік жол ғылымының тарихында бұрын-соңды бол-

маған үш үлкен ғылыми ашылым жасалды. Оның бірі – асфальтбетон жамылғысының төменгі температурада жарылу заңдылығы болса, екіншісі – ғылым тарихына «Телтаев принципі» деген атпен енген тұтқыр-серпімді материалдардың деструкциясы заңдылығы еді.

Бұл ашылымдар Мәскеуде ресми тіркеліп, Ресей ғалымдары тарапынан жоғары бағаланды. Осы еңбегі үшін Бағдат Бұрханбайұлына Мәскеуде ғылым әлеміндегі ең биік марапаттың бірі – Нобель сыйлығының лауреаты, академик Петр Капицаның алтын медалі табыс етілді. Медальді табыстап тұрып Халықаралық академия президенті В.В.Потоцкийдің: «Ресей Ғылым академиясының әр мүшесі ғылыми ашылымның авторы емес, ал әр ғылыми ашылымның авторы академик П.Капицаның алтын медалінің иегері емес!» деген сөзі қазақ ғалымының әлемдік деңгейдегі мойындалуының айқын дәлелі еді.

Алтын тақты берсе де...

Бағдат Телтаевтың есімі әлемге танылған шақта оған қиыр шеттен сан түрлі еліктіргіш ұсыныстар жасалды. 2008 және 2018 жылдары АҚШ бірнеше рет оған отбасымен бірге ел азаматтығын ұсынды. Батыстың ірі университеттері келісім шартпен шақырды, Австралия жұмысқа үгіттеді, Ресей мен Қытайдың үлкен компаниялары ірі ғылыми жобаларды басқаруды ұсынды.

Егер ол тек атақ пен байлықты ойлаған жан болса, мұхиттың арғы бетіне өтіп, жайлы өмір кешер еді. Алайда, оның тамырында елге тұтқа болған Бәйдібек бидің рухы, жүрегінде Нұржау бабаның батасы бар болатын. Ол әлемдегі алпауыт елдердің ұсынған жылы орындары мен жақсы қызметтерінен өз елінің қара топырағын, Қазақстанның жол ғылымын дамытуды жоғары қойды. Барлық ұсыныстан бас тартып, туған Отанына қызмет етуді таңдады.

Өз кезегінде Қазақстан жол ғылыми-зерттеу институты он алты жыл басқарып, 2022 жылы абыроймен тапсырып, қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының жаңадан құрылған Көлік институтының тізгінін қолына алып, осы саланың ғылымының барлық ауырталпығын мойынға жүктеп, көтерумен келе жатыр.

Бағдат Телтаев – тек механика және жол салаларында зерттеулер жасаған ауқымы шектеулі ғалым емес. Ол – кеудесіне әдебиеттің әсемдігі мен ғылымның дәлдігін тең ұялатқан, имандылықты жүрегіне сіңірген, тектілік пен отансүйгіштіктің тірі көрінісі болған біртуар тұлға. Ол – жол ғылымының ғана емес, руханияттың, имандылық пен ұлттық болмыстың туын көтеріп жүрген азамат.

Қалижан ҚҰЛМАНОВ



Алматы облысындағы «Біздің Ауыл» этноауылында көшпенділер мәдениетін ұлықтауға арналған «Nomad festi» фестивалінің қорытынды іс-шарасы өтті.

Еліміздің бірнеше өңірін қамтыған бұл ауқымды мәдени жоба бұған дейін Ақмола облысының Макинск қаласында және Шығыс Қазақстан облысындағы Қасым Қайсенов ауылында ұйымдастырылған болатын. Ауқымды фестивальдің қорытынды кезеңі Алматы облысында заманауи бағытта жалғасын тапты.

Үш өңірді қамтыған мәдени іс-шараға 17 мыңнан астам адам қатысты. Көшпенділердің бай тарихы мен дәстүрін ұсынған жобаның мақсаты – бабалар мұрасын заманауи трендтермен ұштастыра отырып, жұртшылыққа жаңаша сипатта таныстыру.

Фестиваль бағдарламасы өте бай әрі мазмұнды болды. Көрерменге музыкалық кештер, заманауи өнер көрмелері, ұлттық ойындар, гастронмиялық өнер көрсетілімдері мен танымдық кездесулер ұсынылды. Сондай-ақ, қонақжайлық, еңбекке және туған жерге деген құрмет, өнер мен музыка, дәстүр мен ұрпақ сабақтастығы сияқты ұлттық құндылықтар кеңінен насихатталды. Ұйымдастырушылар бөлінген әрбір арнайы кеңістікті көшпенділер мәдениетін заманауи форматта көрсететіндей етіп жабдықтап, келген қонақтарға ұмытылмас әсер сыйлады.

Иммерсивті кеңістік

Фестивальдегі ерекше жобалардың бірі – «Мүшел жолы» иммерсивті кеңістігі. Театрландырылған саяхат барысында қонақтар адам өмірінің әртүрлі кезеңдерін бастан өткерді. Есею, өзгеріс, таңдау және бір кезеңнен екіншісіне өту тақырыптары мүшел жас ұғымы арқылы көрсетілді. Жоба адам ғұмыры мен ұрпақтан-ұрпаққа берілетін білім туралы түсінікке негізделген. Білім

КӨШПЕНДІЛЕР МҰРАСЫ

заманауи көзқараспен қайта жаңғырды

беру бағдарламасында тарих, мәдениет, археология, этнография, өнер және креативті индустрия мәселелері қозғалды. Бағдарламаға медиевист-тарихшы Айболат Кушқумбаев, түркітанушы Ерлан Еспенбетов, жазушы әрі мифология зерттеушісі Зира Наурызбай, петроглифтерді зерттеуші және археолог Ольга Гумирова, деректі фильм режиссері Әлия Әшім, нутрициолог Сабина Мұқан және басқа да мамандар қатысты. Сарапшылар көшпенділердің мәдени коды, Ұлы даланың мифологиясы, дәстүрлі қолөнер мен музыка, ұлттық тағамдар және тарихи мұраны қазіргі қоғамда қолдану мәселелерін талқылады.

Өнер кеңістігінде қазақстандық заманауи суретшілер мен дизайнерлер мәдени мұра, дала және қазіргі номад бейнесіне арналған жұмыстарын таныстырды. Мұнда арт-шеберханалар, перформанстар мен шеберлік сабақтары өтті. Қонақтар әшекей бұйымдар жасап, этникалық дүниелерді заманауи тәсілдермен қолдану мүмкіндіктеріне ие болды. Үш фестивальдің ортақ белгісіне айналған арт-нысандар да жасалды. Оған күні бойы жиналған пластик қақпақтар пайдаланылды.

Келген қонақтар арқан тарту, асық ату, садақ ату сияқты ұлттық ойындарға қатысып, көкпар ойынын тамашалады. Тазы, бүркіт, түйе және жылқымен байланысты интерактивті бағдарламалар да ұйымдастырылды. Іс-шарада кішкентай қатысушылар да назар-

дан тыс қалмады. Олар балаларға арналған «Болашақ» кеңістігінде ауылын құрып, ғылыми шоуларға, шығармашылық және музыкалық шеберлік сабақтарына, интерактивті қойылымдар мен ұлттық ойындарға және Silent Disco бағдарламасына қатысты. «Мамандықтар қаласында» балалар агроном, инженер, зертхана маманы, технолог және ветеринар мамандықтарымен танысты.

Этно-модерн

Ал кешкі мерекелік концертте этникалық әуен мен заманауи музыка қатар ұсынылды. Сахнада Yenlik, Urker, Arshat, Арқайым, Тенгри, «Алатау серілері», Steppe Sons, Duedeontheguitar және басқа да өнерпаздар мен шығармашылық ұжымдар өнер көрсетті. Бағдарлама этно-дефиле, аспаптық-хореографиялық қойылымдар, ұлттық аспаптарға арналған шеберлік сабақтары және DJ-сеттермен толықты.

«Aitas» холдингінің құрылтайшысы Серік Толықпаевтың айтуынша, көшпенділер мұрасын тек өткеннің еншісіндегі дүние ретінде қарастыруға болмайды. Ата-бабаларымыздың дүниетанымы мен өмір салтында қазіргі қоғамға ғана емес, болашаққа да қажет құндылықтар бар.

Дала философиясынан аларымыз көп

«Биыл отандық құс етін өндіретін жетекші «Aitas» холдингінің құрылғанына

30 жыл толды. Мерейтой аясында компания ұжымы көшпенділер фестивалін өткізу бастамасын көтерді. Бүгінгі құбылмалы заманда көшпенділерге тән икемділік, кез келген жағдайға жылдам бейімделу және өзгерістерге дайын болу қасиеттерінің маңызы еселеп артып отыр. Сондықтан фестиваль тек ұлттық ойындар мен тағамдарды таныстыратын іс-шара емес, көшпенділер философиясын кеңірек түсіндіретін алаң ретінде ұйымдастырылды. Көшпенділер әлемі – тек жарыс, қымыз немесе тағам емес. Оның ішінде болашақ, білім, технология да бар. Көшпенділер философиясының ертеңгі күннің талаптарына қаншалықты сай келетінін осы фестиваль арқылы көрсетуге тырыстық», – деді холдинг құрылтайшысы.

Мәдениеттанушы Зира Наурызбай да көшпенділер мұрасын тек тарихи кезеңмен шектемей, оның қазіргі өмірдегі мағынасына назар аудару қажет екенін атап өтті.

«Біз – көшпенділердің ұрпағымыз. Дәстүрлі мәдениетімізде атақ, абырой, даңқ, ар мен намыс сияқты ұғымдар ең маңызды орында тұрды. Сондықтан бойымызда мақтау мен мадаққа, паңдыққа деген бейімділік бар. Бірақ біз «осындай дүниелердің қазіргі қоғамда пайдасын қалай көре аламыз, оны қоғамымыздың болашағына қалай жұмыс істетеміз?» деген мәселені талқыладық», – дейді Зира Наурызбай.

Фестиваль аясындағы дәрістер, өнер жобалары, ұлттық ойындар, гастронмиялық бағдарлама мен балаларға арналған кеңістіктер осы байланысты әр қырынан көрсетуге бағытталды. Осылайша Nomad álemi фестивалі үш өңірде ұлттық мәдениет пен дәстүрді заманауи форматта таныстыратын ортақ алаң қалыптастырды. Тарих, өнер, музыка, ұлттық тағамдар, ойындар мен білім беру бағыттары бір бағдарламада тоғысып, көшпенділер мұрасының қазіргі қоғамдағы мәні көрсетілді. Aitas холдингі Nomad álemi фестивалін жыл сайын өткізуді жоспарлап отыр.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.

Сәлемнің де салмағы бар

Адамның кім екенін тану үшін кейде ұзақ әңгімелесудің қажеті жоқ. Оның үлкенге қалай сәлем беретініне, қолын қалай ұсынатынына, қарсы алдындағы адаммен қандай қашықтық сақтайтынына қарап-ақ тәрбиесін аңғаруға болады. Мәселен, сәлемдесу – күнделікті өмірдегі ең қарапайым әрекеттердің бірі болғанымен, оның астарында тұтас мәдениет жатыр.

Жуырда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамдағы әдеп пен жүріс-тұрыс мәдениетіне қатысты пікір білдіріп, амандасу мәселесіне де тоқтал-

ды. Президент, әсіресе, ер адамдардың бір-бірімен құшақтасып, сүйісіп амандасуын, сондай-ақ ер мен әйелдің беттен сүйісіп сәлемдесуін сынға алды. Мемлекет басшысы мұндай көріністің, әсіресе, ресми ортада оғаш көрінетінін айтып, амандасудың қарапайым әрі жинақы үлгісін ұсынды.

Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде адамның жасына, жынысына, туыстық деңгейіне және ортадағы орнына қарай амандасудың өзіндік тәртібі болған. Жасы кіші адам үлкенге бірінші болып сәлем берген. Қарсы алдындағы адамға құрметін сөзбен ғана емес, қимыл-ишарамен де білдірген.

Этнограф Жамали Диханұлының сөзінше, ата-бабаларымыздың күнделікті амандасуында қазіргі біз көріп жүрген құшақтасу мен беттен сүю кең тарамаған.



«Негізінде ата-бабаларымыз киіз үйге кіргенде қолдарын кеуделеріне қойып, бас иіп амандасқан. Отырған адамдардың бәрінің қолын алу міндеті болмаған. Кейін келген адам өзінің жасы, деңгейіне қарай орын таңдап отырған. Әйел адамдарға да қол беріп амандаспаған», – дейді ол. Этнографтың айтуынша, ер мен әйелдің қол алысып амандасуы да дәстүрлі қазақ қоғамында әдепке жат саналуы мүмкін болған.

Ал этнограф Бұлбұл Кәпқызы қазақ халқының амандасу мәдениеті жеке

адамның жағдайын сұраумен шектелмегенін айтады. Оның сөзінше, қазақтар амандасқанда мал-жан, ауыл-аймақ, ел-жұрттың аمانдығын да сұраған. «Қазақ халқы жалпы өте ұзақ амандасқан. Олар тек сенің халіңді емес, мал-жан, ауыл-аймақ, көрші-қолаң – бәрін сұраған», – дейді этнограф.

Ол қазақ қоғамында кейінгі жылдары кең тараған беттен сүйіп амандасу дәстүрі де сырттан енген әдеттердің бірі болуы мүмкін екенін атап өтті.

«Өзге елдердің мәдениетінде адамдардың бет сүйісіп амандасатынын жиі естиміз. Кейбіреулер мұны дамыған мәдениеттің көрінісі деп қабылдайды. Біз, қазақ халқы, еліктеуге бейім халықпыз. Біреудің қаңсығын таңсық көріп, өзімізге жат дүниелерді тез қабылдап кететін кездеріміз бар. Сондықтан бұл мәселеде Мемлекет басшысының пікірін өте жоғары бағалаймын. Ұлттық болмысымыз бен дәстүрімізге сын көзбен қарап, өзімізге тән құндылықтарды сақтай білуіміз керек», – деді ол.

Дана САДЫРҚАН.
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ИНКЛЮЗИЯ

Ұлттық әлеуметтік қорғауды дамыту ғылыми орталығында ортездер жасауға арналған жеке зертхана ашылды. Жамбасқа арналған роботтандырылған протездер, сатып алудың орнына уақытша пайдалануға берілетін кресло-арбалар, балаларды үйде оңалту мен бір реттік курстың орнына цифрлық сүйемелдеу де осы мекеменің жетістігі.

Жаңа технологияның жәрдемі

Ұлттық әлеуметтік қорғауды дамыту ғылыми орталығының бас директоры Сырым Нәси Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте өзге де тың жобалары туралы тарқатты. Спикердің айтуынша, орталық ғылымды, әдістемені, замандық технология мен адамға көрсететін көмекті бір жерге тоғыстыру үшін құрылған. Қазірдің өзінде екі зерттеу басталып, мамандар мен отбасының өзара іс-қимылы аутизм спектрі бұзылған балалардың қоғамға кірігуіне қалай әсер ететінін, эпилепсиясы бар баланы кешенді оңалтудағы әлеуметтік қызметкердің рөлі зерттелуде.

Мүмкіндігі шектеулі жандар үшін көмекші құралдардың маңызы үлкен. Аталған орталық техникалық оңалту құралдары саласында жыл сайын 7 технологиялық процесті әзірлеп, жаңа технологиялар бойынша 255 протез дайындайды. Биылғы 9 айда аяқ-қолға арналған микропроцессорлық тізе модульдері, силиконды қаптама мен көміртеккі талшықтан жасалған табандар қолданылған



Сырым Нәси, Ұлттық әлеуметтік қорғауды дамыту ғылыми орталығының бас директоры

160 протез дайындалды. Енді жаңа инновациялық модуль мен табаны бар эксперименттік жамбас протезі, сондай-ақ белсенді күштік жетегі бар роботтандырылған протез әзірленіп жатыр.

Тағы бір жаңа жоба – 3D-сканерлеу мен 3D-модельдеу негізінде ортездерді жобалау мен дайындауға арналған жеке зертхананың құрылуы. Орталық биыл 500 ортез дайындауды жоспарлап отыр. Ал 2027 жылдан бастап жылына шамамен, 1000 бұйым шығармақ.

Тағы бір елеулі жаңалық – техникалық оңалту құралын қайтарымды модель бойынша ұсыну. Бұл ретте кресло-арба немесе жүріп-тұруға арналған құрал адамға уақытша және өтеусіз пайдалануға беріледі. Техникалық құрал адамның тұтынуына жарамай қалса, ол қайтарылады. Сосын техникалық күйі бағаланып, жөндеуден өткізіліп, басқа адамға беріледі. Пилоттық жобаға жуырда көзі көрмейтін адамдарға арналған тифлотехникалық құралдар, яғни экраннан оқу бағдарламасы орнатылған ноутбук, портативті тифлокомпьютерлер мен оқу құрылғысы енгізілді.

Қайтарымды модель пилоттық жоба ретінде Алматыда да іске қосылды. Жоба әзірге кресло-арбалар мен жүріп-тұруға арналған құралдарды қамтиды.

Спикердің айтуынша, Алматыда мүгедектігі бар адамдардың техникалық оңалту құралына деген жеке қажеттілігін анықтаудың жаңа әдістемесі сынақтан өткізілмек.

«Біз ғылыми зерттеудің әдістемеге негіз болғанын, ал әдістеменің тәжірибеде сынақтан өтіп, нәтижесі бағаланатын нақты жұмыс моделіне айналғанын қалаймыз. Бала мен оның отбасы оңалту қызметіне тек мекеме қабырғасында ғана емес, өздеріне үйреншікті жерде де қол жеткізуі керек. Техникалық оңалту құралы адамның қажеттілігіне сай болуы тиіс. Біз мемлекеттік органдармен, ғылыми қауымдастықпен, бизнеспен және ең бастысы, адамдардың өздерімен және олардың отбасымен кәсіби диалог пен бірлескен жұмысқа ашықпыз», – деді Сырым Нәси.

ЖАҢА ИННОВАЦИЯ

«Зергерлік» ота

Алматы дәрігерлері саусағы жұлынып Атүскен 5 жасар балаға күрделі ота жасады. Ата-анасының айтуынша, бүлдіршін аулада ойнап жүріп, оң қолының бір саусағын металл қақпаға қысып алған. Салдарынан саусақ түбінен жұлынып кеткен.

Ата-ана баланы дереу ауруханаға жеткізген. №2 балалар қалалық аурухананың клиникалық кезекші дәрігерлері, микрохирург пен бөлімше жетекшісі дереу консилиум жасап, уақыттың тығыздығына байланысты жедел түрде саусақ тіндерінің қызметін қалпына келтіру отасына кірісті.

№2 БҚКА травматология бөлімшесінің меңгерушісі Ерлан Садырбаалиннің сөзіне сүйенсек, күрделі операция хирург мамандардан асқан дәлдік пен зергерге тән шеберлікті талап етті. Микроскоппен жасалған ота төрт сағатқа созылды. Зақымданған тамырлар мен жүйке талшықтарын қалпына келтіру үшін микроскопсыз көзге көрінбейтін ерекше жіңішке хирургиялық жіп қолданылды.

Хирург мамандар диаметрі 1 мм аспайтын күретамырды, сіңірлерді, жүйке талшықтары мен тамырларды жалғап, жұлынып кеткен саусақтың қызметін қалпына келтірді.

Аса күрделі ота МӘМС қаражаты есебінен жасалды. Яғни ота толығымен тегін жасалды. Себебі, қазақстандық балалар 18 жасқа дейін мемлекет тарапынан сақтандырылады.



– Биологиялық белсенді қоспаларды табиғи өнім деп қабылдап, одан зиян келуі мүмкін емес деп ойлаймыз. Шынында солай ма?

– Олай емес. Өнімнің өсімдік тектес болуы оның қауіпсіздігіне кепілдік бермейді. Ағзаға түсетін кез келген биологиялық белсенді зат белгілі бір деңгейде әсер етуі, бауырда метаболизмге ұшырауы, дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі және кейбір жағдайларда жағымсыз реакциялар тудыруы ықтимал.

Бауыр көптеген дәрілік заттар мен ББҚ компоненттерінің метаболизмі мен биотрансформациясында маңызды рөл атқарады. Сондықтан түрлі препараттың жағымсыз әсері кезінде бауыр негізгі нысана-мүшелердің біріне айналуы мүмкін. ББҚ құрамындағы кейбір компоненттер бауыр жасушаларын тікелей зақымдауы, ал жекелеген адамдарда жеке иммундық реакция туындатуы ықтимал. Соның нәтижесінде дәрілік препараттардан немесе ББҚ туындатқан әсерлерден бауыр зақымдануы дамуы мүмкін. Ол әртүрлі түрде көрініс беруі ықтимал: АЛТ және АСТ деңгейінің оқшауланған жоғарылауынан бастап, жедел гепатитке, сарғаюмен жүретін холестаздық зақымдануға және сирек жағдайларда ауыр бауыр жеткіліксіздігіне дейін. Ауыр реакциялар сирек кездеседі. Алайда, мұндай реакцияның нақты кімде пайда болатынын алдын ала анықтау мүмкін емес.

– Қандай биологиялық белсенді қоспаларға ерекше сақтықпен қарау керек?

– Бұл ретте мамандардың назарын құрамында өсімдік сығындылары мен басқа да белсенді заттардың көп мөлшері қатар кездесетін көпкомпонентті препараттар аудартады. Ғылыми еңбектерде құрамында қоюландырылған жасыл шай сығындылары, куркума және куркуминнің кейбір түрлері, ашваганда, *Garcinia cambogia* бар өнімдерді, сондай-ақ арық-

МӘСЕЛЕ

ДӘРУМЕН, ДӘРІ және ДОЗА

Кейінгі жылдары биологиялық белсенді қоспалар (ауызекі тілде БАД дейміз) көптеген адамның күнделікті өмірінің ажырамас бір бөлігіне айналғаны жасырын емес. Оларды рецептсіз сатып алуға болады. Бірақ сол қоспалар қаншалықты пайдалы немесе зиян? Осы тақырып жайлы оқырманға Кардиология және ішкі аурулар ФЗИ-дің гастроэнтерологы Ұлжалғас ӘЛІМХАНМЕН сұхбатымызды ұсынамыз.



тауға арналған көпкомпонентті препараттар мен бодибилдингке және бұлшықет массасын арттыруға арналған кейбір өнімдерді қолданумен байланысты бауырдың зақымдану жағдайлары сипатталған. Бұл аталған препараттарды қабылдайтын әр адам міндетті түрде бауыр ауруына шалдығады дегенді білдірмейді. Пациентті тексеру кезінде дәрігер оларды ескеруі қажет.

Өнімнің өзі мен оның қоюландырылған сығындысының арасындағы айырмашылықты түсіну маңызды. Мысалы, күнделікті тамақтану құрамында кәдімгі жасыл шай ішуді ББҚ құрамындағы қоюландырылған жасыл шай сығындысын қабылдаумен теңестіруге болмайды. Мәселе адамның бір уақытта бірнеше қоспаны қабылдауында болуы мүмкін. Бір препараттың құрамында 10–15 немесе одан да көп компонент болуы ықтимал, ал адам бір мезгілде бірнеше түрлі өнімді қолдануы мүмкін. Мұндай жағдайда бауыр зақымданған кезде дәрігерге жағымсыз реакцияға нақты қай заттың себеп болғанын анықтау қиынға соғады.

Кейбір өнімдердің белсенді компоненттерінің құрамы мен концентрациясы күтілген көрсеткіштерден өзгеше болуы мүмкін, ал жекелеген жағдайларда мәлімделмеген заттар немесе қоспалар анықта-

лады. Сондықтан өнімнің сапасы да маңызды. Белсенді қоспалардың дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуін де ұмытпау керек. Адам созылмалы ауруына байланысты дәрі қабылдап жүріп, дәрігерге айтпастан бірнеше қоспаны қатар қолдануы мүмкін. Кейбір заттар басқа заттардың метаболизмін өзгертіп, олардың әсерін күшейтуі немесе, керісінше, дәрілердің тиімділігін төмендетуі ықтимал. Сондықтан дәрігер пациенттің қабылдап жүрген барлық препараты туралы, яғни дәрі, дәрумен, ББҚ, шөптік препарат, спорттық тағамдар және арықтауға арналған құралдар болсын, түгел білуі маңызды.

– Тәжірибеңізден нақты мысал келтіре кетсеңіз?

– 32 жастағы жігіттің жағдайын айтайын. Ол бір уақытта 15-тен астам түрлі БАД пен спорттық қоспаны қабылдаған. Оның айтуынша, бұл препараттарды иммунитетті қолдау және бұлшықет массасын арттыру мақсатында тамақтану жөніндегі маман ұсынған. Белгілі бір кезеңде пациентте бауырдың айқын жедел зақымдануы байқалған. Тексеру кезінде көрсеткіштер өте жоғары болған: АЛТ 5000 Ед/л-ден жоғары; АСТ – шамамен 3000 Ед/л; жалпы билирубин – 200 мкмоль/л-ден жоғары. Бұл – шұғыл меди-

циналық бағалауды қажет ететін бауырдың ауыр зақымдануы. Бастапқыда пациент көптеген қоспаны қатар қабылдап жүргенін дәрігерге айту маңызды деп ойламаған. Жағдайды дер кезінде анықтау, ықтимал қауіпті препараттарды тоқтату және қажетті медициналық көмек көрсету нәтижесінде оң динамикаға қол жеткізіліп, ең ауыр салдардың жолы кесілді. Демек, иммунитетті «қолдау», «бұлшықет жинау», «энергияны арттыру» және ағзаның жағдайын жақсарту мақсатында бір уақытта бірнеше көптеген препаратты қабылдау керісінше нәтижеге әкелуі мүмкін.

Арықтауға арналған өнімдердің құрамында көбіне көптеген компоненттер мен қоюландырылған өсімдік сығындылары болады. Спорттық қоспаларды да сақтықпен қолдану қажет. Бұлшықет массасын арттыруға және физикалық жұмыс қабілетін жоғарылатуға арналған кейбір өнімдердің құрамында гормондық немесе анаболикалық белсенділігі бар заттар оның ішінде жапсырмада көрсетілмеген компоненттер болуы мүмкін. Сондықтан қаптамадағы «табиғи», «май жаққыш», «детокс», «иммунитет үшін» немесе «бұлшықет массасын арттыруға арналған» деген сөздердің өзі тиімділікке немесе қауіпсіздікке кепілдік бермейді.

Ең бастысы – қабылдап жүрген барлық препаратыңыз туралы дәрігерге міндетті түрде хабарлаңыз.

– Ал дәрумендер бауырға зиян келтіруі мүмкін бе?

– Барлық дәрумен бауырға зиян деп айтуға болмайды. Расталған тапшылық кезінде дәрумендік препараттар қажет болуы мүмкін және оларды дәрігер белгілі бір дозада тағайындайды. Мәселе жоғары дозаларды бақылаусыз қабылдағанда, әсіресе, адам бір уақытта бірнеше кешен қабылдап, олардың құрамында бір компоненттің қиталануы мүмкін екенін ескермеген кезде туындайды. Мысалы, адам мультивитаминдермен қатар жеке D, A дәрумендерін, «шаш пен теріге арналған» кешенді, спорттық қоспаларды және басқа да өнімдерді қабылдауы мүмкін.

Нәтижесінде белгілі бір заттың жиынтық дозасы қажетті мөлшерден едәуір асып кетуі ықтимал. Сондықтан «дәрумен неғұрлым көп болса, соғұрлым жақсы» деген қағида дұрыс емес.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШ.

«ҚАЗАҚСТАН БАЛАЛАРЫ»

Қоғамның ортақ жауапкершілігі

«Әділет» партиясының қалалық филиалында «Қазақстан балалары» ұлттық бағдарламасы аясында балалардың құқығын қорғау мәселелеріне арналған «Ашық есік» күні өтті.

Тақырыптық қабылдау барысында балалардың қауіпсіздігі, әлеуметтік қолдау, отбасыларға көмек көрсету, кәмелетке толмағандардың құқығы мен заңды мүдделерін қорғауға қатысты мәселелер қаралды.

Іс-шараға партияның Әйелдер қанатының төрағасы Алтынай Көбеева, Алматы қаласы Балалардың құқықтарын қорғау басқармасының басшысы Жанат Айтпаева, басқарманың бас маманы Ботагөз Қожабаева, Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Алматы қаласының Отбасын қолдау орталығы» КММ директоры Ақмолжан Зарипов және Алматы қаласы Жергілікті полиция қызметі басқармасының ювеналды полиция бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Жанна Шонжанова қатысты. Қабылдау барысында әрбір өтініш жеке қаралып, азаматтарға қолданыстағы заңнама аясында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

«Балалардың құқықтарын қорғау – қоғамның ортақ жауапкершілігі. Әрбір бала қауіпсіз ортада өмір сүріп, сапалы білім алып, қажетті әлеуметтік және құқықтық қолдауға қол жеткізуі тиіс. Бүгінгі қабылдаудың басты мақсаты – ата-аналар мен балалардың мәселелерін тікелей тыңдап, оларды шешудің нақты жолдарын тиісті



мемлекеттік органдармен бірлесіп қарастыру», – деді партияның Әйелдер қанатының төрайымы Алтынай Көбеева.

«Осындай қабылдаулардың болғаны біз үшін өте маңызды. Себебі, ата-аналар өз мәселесін тікелей мамандарға жеткізіп, қайда және қалай жүгіну керектігі жөнінде нақты түсінік ала алады. Бүгін мен де өзіме қажетті жауаптар мен бағыт-бағдар алдым», – деді өтініш иесі Светлана.

Кездесу қорытындысында көтерілген мәселелер назарға алынып, қажет болған жағдайда оларды құзыретті мемлекеттік органдармен бірлесіп одан әрі пысықтау және сүйемелдеу жұмыстары жалғасатын болады.

Нұрлан СҮЙІН.
Сурет: Қ.ҚОНЫСБАЕВ.

Шекарасыз диалог

Алатау ауданында «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында жастардың құқықтық сауаттылығын арттыруға және құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған «Шекарасыз диалог» атты кездесу өтті.

сары Ертіс Бесиров, Алатау аудандық Полиция басқармасы бастығының орынбасары Дәурен Майлықбаев, сондай-ақ арнайы шақырылған қонақ – боксшы Еділ Қожанбердиев қатысты. Іс-шараны Алатау ауданы Жастар комьюнити-орталығының жетекшісі Орынбек Молдахан жүргізді.

Кездесу барысында жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, буллинг, бұзақылық, интернет-алаяқтық, есірткі қылмысына тартылу қаупі, қоғамдық тәртіп, жеке қауіпсіздік және құқықтық жауапкершілік мәселелері жан-жақты талқыланды.

Бағдарлама аясында «Жігер» орталығының тақырыптық бейнеролигі көрсетіліп, ювеналдық полиция өкілі кәмелет-

ке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, жауапкершілік пен қауіпсіздік мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Сонымен қатар, №185 мектеп-гимназиясының педагог-психологы Маханбет Малина жастармен «Мен емес» атты интерактивті тренинг өткізіп, қатысушылар арасында еркін пікір алмасуға және ашық диалогқа бағытталған атмосфера қалыптастырды.

Кездесудің негізгі бөлімінде жастарға күнделікті өмірде кездесуі мүмкін 5 практикалық кейс ұсынылып, қатысушылар әр жағдай бойынша өз пікірлерін білдірді, мәселені шешудің жолдарын ұсынды. Мамандар кейстерді психологиялық және құ-

қықтық тұрғыдан талдап, тиісті түсіндірмелер берді.

Арнайы шақырылған қонақ Еділ Қожанбердиев жастармен спорттағы тәртіп, табандылық, жауапкершілік, дұрыс орта таңдау және мақсатқа жету жолындағы тәжірибесін бөлісті. Спорттың жастардың мінезін қалыптастырудағы және салауатты өмір салтын ұстанудағы маңызы сөз болды.

«Шекарасыз диалог» кездесуі дәстүрлі баяндама форматымен шектелмей, жастарға мемлекеттік органдар өкілдерімен тікелей сөйлесуге, өздерін толғандыратын сұрақтарды ашық қоюға және нақты өмірлік жағдайларды сала мамандарымен бірге талқылауға мүмкіндік берді.

Іс-шара соңында кездесу қорытындыланып, белсенді қатысушыларға естелік сыйлықтар табысталды. Қонақтар, ұйымдастырушылар мен жастар естелік суретке түсті.

Нұр ҚАЙЫР.
(Сурет: автордікі).



Іс-шараның негізгі мақсаты – жасөспірімдер мен жастар арасында қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру, құқық бұзушылықтың алдын алу, заң алдындағы жауапкершілікті түсіндіру, сондай-ақ жастар мен мемлекеттік органдар өкілдері арасында тікелей әрі ашық диалог орнату.

Кездесуге Алатау ауданының прокуроры Ержан Өмірзақов, Алатау ауданы әкімінің орынба-



ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодекстің 96-бабы, 1,2 тармағының негізінде 2026 жылғы 22 қыркүйектен бастап 20 жұмыс күні бойы esportal.kz сайтында «Алматы тау кластерінің орталық аймағында тау шаңғысы инфрақұрылымын, оның ішінде аспалы жолдарды, сырғанау жолын және қар жаудыру жүйелеріне арналған сумен жабдықтауды салу» «Медеу» МӨТП аумағындағы «Медеу» орманшылығында және «Баум тоғайы» табиғат ескерткішінде ормандардағы санитариялық қағидаларға және «Баум тоғайы» табиғат ескерткішін қалпына келтіру және сақтау» жобасына сәйкес 2027 жылға арналған ағаштарды жаппай және санитариялық кесу бойынша жария талқылау жолымен қоғамдық тыңдаулар басталады.

Жоба материалдарына тапсырыс беруші: «Медеу» МӨТП » КММ.

Байланыс телефоны: 8 (727) 227-53-81. БИН: 000440002069.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
тел.: 248-64-04.

Қабылдау бөлмесі:
тел.: 248-60-08.

E-mail:
almatyaqparat@gmail.com

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ

Бас редактор –
Есхат БОЖАН

Жауапты хатшы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Ақпараттық-талдау
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Саясат және экономика
бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Цифрлық инфрақұрылым
және кері байланыс бөлімінің
редакторы –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 248-49-55. E-mail:
rekalmatyaqparat@gmail.com

Жарнама және
тарату бөлімі. E-mail:
rekalmatyaqparat@gmail.com
тел.: 248-49-55.
8 707 948 73 78

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ,
Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ

**ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША
ШАҒЫМДАР БОЛСА...**
**«Қазпошта» АҚ Алматы
почтамтына:**

8 777 078 53 48,
8 747 204 19 70 (WhatsApp)
телефоны арқылы сағат 9.00-ден
18.00-ге дейін хабарласыңыз

ALMATY AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
E-mail:
almatyaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет,
сейсенбі және жұма күндері
шығарылады.
Нөмірдің таралымы –
10 360 дана (жұма)

Кезекші редактор –
Нұржамал ӘЛІШ

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№ KZ51VPY00150334
күәлігі 26.05.2026 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.
Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В.
Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті
«AIR ASTANA» ауе компаниясының
бизнес-класс бортында және
«Жолаушылар тасымалы» АҚ
пойыздарындағы жолаушыларға
қолжетімді.

ДЕНИС ТЕН ТУРНИРИ

Алматыға 25-тен астам елдің спортшылары келеді

Биылғы 7–10 қазан аралығында Алматыда мәнерлеп сырғанаудан VIII халықаралық Denis Ten Memorial Challenge 2026 турнирі өтпек. Жарыс 2026/27 маусымдағы ISU Challenger Series күнтізбесіне еніп, халықаралық серияның VIII кезеңі мәртебесіне ие болды.

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында «Денис Тен қоры» қоғамдық қорының директоры, турнирдің ұйымдастыру комитетінің басшысы Оксана Тен осылай деді. Halyk Arena спорт кешенінде өтетін жарысқа АҚШ, Франция, Германия, Канада, Венгрия, Оңтүстік Корея мен Жапонияны қоса алғанда, 25-тен астам мемлекеттен 150-ге жуық спортшы қатысады. Оксана Теннің айтуынша, 2019 жылдан бері ұйымдастырылып келе жатқан жарыс спорттық бәсекені, халықаралық ынтымақтастық пен Қазақстанда мәнерлеп сырғанауды дамыту бағытындағы жұмысты бір арнаға тоғыстырған.

Денис Тен – Олимпиада медалін жеңіп алған тұңғыш қазақстандық мәнерлеп сырғанаушы.

«Бүгінде Denis Ten Memorial Challenge – бұл тек еске алуға арналған турнир емес. Бұл мәнерлеп сырғанаушыларға кәсіби жарыс тәжірибесін жинақтап, Қазақстанның өзінде жоғары деңгейде өнер көрсетуге мүмкіндік беретін халықаралық спорттық дода», – деп атап өтті Оксана Тен.

Ұйымдастырушылар бұған дейін Denis Ten Memorial Challenge турнирінде жеңіске жеткен Михаил Шайдоровты қазақстандық мәнерлеп сырғанаудың жаңа буынының өкілі ретінде атады. Айтпақшы, Denis Ten Memorial Challenge жарысының трансляциясы 56 елдің аудиториясын қамтиды.

Ал ҚР Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің ресми өкілі Мейрамғазы Сапарғалиевтің айтуынша, мұндай жарыста бәсекелестік жоғары болып, жастарға өз дайындығын пысықтап, қажетті тәжірибе жинап, біртіндеп үлкен халықаралық жарысқа кәсіби тұрғыдан дайындалуға сеп болады.

Оның айтуынша, Қазақстанда тікелей өткізілетін халықаралық жарыстар спортшыларға ғана емес, жаттықтырушылар мен төрешілерге де қосымша мүмкіндік береді.

«Біздің мақсатымыз – осындай халықаралық жарыстардың мүмкіндіктерін спорттық инфрақұрылымды дамыту үшін де тиімді пайдалану. Ірі халықаралық турнирлерді өткізу қолданыстағы нысандарды халықаралық талаптар мен стандарттарға сәйкестігі тұрғысынан бағалауға, оларды жаңғыртудың қажетті бағыттарын анықтап, ең жоғары деңгейдегі жарыстарды қабылдай алатын замандық инфрақұрылым қалыптастыруға мүмкіндік береді», – деді Мейрамғазы Сапарғалиев.

Нұржамал ӘЛІШ.



АУЫР АТЛЕТТЕР АЛАМАНЫ

Қалада 2010-2011 жылғы жасөспірім ұлдар мен қыздар арасында ауыр атлетикадан Қазақстан Республикасының жеке-командалық чемпионаты өтіп жатыр. Елдің әр өңірінен жиналған жас зілтеміршілер Орталық спорт клубында бас қосып, жеңіс үшін сынға түсті.

Чемпионаттың салтанатты ашылу рәсімі Орталық спорт клубында өтті. Биылғы ел біріншілігіне Қазақстанның 16 облысы мен республикалық маңызы бар үш қаласынан – Астана, Алматы және Шымкенттен 270-ке жуық жас спортшы қатысып отыр.

Бірнеше күнге жалғасатын жарыста жас спортшылар әртүрлі салмақ дәре-

жесінде бақ сынап, чемпионаттың жүлдесін сарапқа салады. Жарыс – жас ауыр атлеттер үшін республикалық деңгейде өз мүмкіндігін байқап қана қоймай, тәжірибе жинап, спорттық шеберлігін шыңдайтын маңызды алаң.

Салтанатты ашылу рәсімінде сөз алған ардагер спортшы, полиция генерал-майоры, ультрамарафоншы-жүзгіш Асқар Оспанов жас спортшыларға сәттілік тіледі.

– Құрметті спортшы қауым! Алматы қаласында республикалық командалық ауыр атлетикадан чемпионат өтіп жатыр. Мемлекетімізге мықты азаматтар керек. Жарыс адал өтсін. Барша спортшыға сәттілік тілеймін. Жастарымыз ел намысын абыроймен қорғап, Көк Туымызды биікте желбірете берсін. Осындай жарыстардан шыңдалып шыққан спортшылардың болашақта халықаралық додаларда Қазақ-

станның атын шығаратынына сенемін, – деді ол.

Ал ауыр атлетикадан ҚР еңбек сіңірген спорт шебері, Қызылорда облысының аға бапкері Алмас Өтешов Алматыдағы жарыстың өздері үшін ерекше екенін атап өтті.

– Бұл спорт орталығында соңғы рет 2003 жылы жарысқанбыз. Арада біраз уақыт өтіп, қайта келіп отырмыз. Қазір толық құрамда сегіз баламен қатысып жатырмыз. Жыл басынан бері командалық төрт рет Қазақстан чемпионы атанды. Қызылорда облысында ауыр атлетика қарқынды дамып келеді. Ауылдарда да, аудандарда да бұл спорт түріне қызығушылық жоғары, – деді бапкер. Оның айтуынша, бұл чемпионатта барлық салмақ дәрежесі қамтылған. Бәсеке 55 келіден басталып, одан әрі жоғарылай береді.

Ауыр атлетика күш пен төзімділікті ғана емес, спортшыдан тәртіп пен үлкен дайындықты талап етеді.

– Ауыр спорт түрі болғандықтан, спортшылар арасында жарақат та болып жатады. Дегенмен, мұндай жарыстар бізге үлкен үміт береді. Бүгінгі жас спортшылардың арасынан ертең әлемдік додаларда бақ сынайтын мықты атлеттер шығатынына сенеміз. Алдағы уақытта халықаралық жарыстарда ел намысын қорғауға ұмтыламыз, – деді Алмас Өтешов.

Алты күнге жоспарланған Қазақстан чемпионаты 23 қыркүйекке дейін жалғасады. Алматы төрінде бас қосқан жас зілтеміршілер үшін бұл дода – кезекті жарыс қана емес, үлкен спортқа бастар жолдағы маңызды белес.

Дана САДЫРҚАН.
Сурет: С.СЕРІКБАЙҰЛЫ.